

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ ТАҒЫ ДА ҚЫЗЫЛОРДАДА БАСТАЛАДЫ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде елді мекендерді ауыз сумен қамту, су бұру жүйелерін дамыту, суды үнемдейтін және цифрлық технологияларды енгізу мәселелері қаралды.

Үкімет отырысында баяндама жасаған Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін халықты ауыз сумен толық қамтамасыз ету жұмыстары аяқталды. Бүгінгі таңда нысаналы көрсеткішке қол жеткізілді: еліміздегі барлық 90 қала мен 7,5 млн. тұрғыны бар 6087 ауылдық елді мекен ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелеріне қосылды.

Дегенменен Үкімет басшысы О.Бектеновтің айтуынша «Халық санының және жалпы экономиканың өсуімен бірге елімізде су тұтыну көлемі де ұлғая береді. Сондықтан таза ауыз су мәселесінің өзектілігі де күн өткен сайын арта түспек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыру аяқталды. Дегенмен, ауыз сумен қамтамасыз ету – үздіксіз жүретін процесс. Сол себепті барлық жауапты мемлекеттік органдар бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстауы қажет». Өйткені өткен жылы азаматтардан сумен жабдықтау

мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға 70 мыңға жуық арыз-шағым түскен. Демек сумен толық қамтығаннан бөлек су сапасы, су құрылғылары, тарифі, тағы да басқа тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелер жетерлік. Осыған байланысты әкімдіктерге әрбір шағым бойынша тексеру жүргізіп, міндетін адал атқармаған ұйымдарға қатаң шара қолдану тапсырылды.

Сондай-ақ биылғы вегетациялық кезеңде су тапшылығы 1 млрд. текше метрге дейін жетуі мүмкін деген болжамға сәйкес су үнемдеу технологияларын енгізудің, әсіресе ауыл шаруашылығындағы маңыздылығы атап өтілді.

Мәселен Су ресурстары және Ирригация министрі Н.Нұржігітов баяндауында, сарапшылардың болжамы бойынша алдағы вегетациялық кезеңде Оңтүстік Қазақстан өзен бассейндерінде су ағынының қысқаруы күтіледі. Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында көрші мемлекеттер аумағында орналасқан су қоймаларының қазіргі толуы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,2 млрд. текше метрге төмен. Оңтүстік өңірдегі су қоймаларының толуы өткен жылмен салыстырғанда 1,9 млрд. текше метрге аз. Бұл күз-қыс маусымындағы жауын-шашынның азаюы, мұздық ағынының қысқаруы және климаттың өзгеруінің жалпы әсеріне байланысты объективті шындық.

5-бемте

«ШИЕЛІ-ТАЙҚОҢЫР» ЖОЛЫН ЖӨНДЕУ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов пен Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Қазыбек Исалармен бірге «Шиелі-Тайқоңыр» автомобиль жолының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Аталған жол учаскесі «Kazatomprom» ұлттық атом компаниясының еншілес мекемесі «KAR Logistics» серіктестігінің қолдауымен жөндеуден өткізілді. Жобаның басты мақсаты – аудан орталығы мен өндірістік нысандар арасындағы көлік қатынасын жақсарту, ауыл тұрғындарының қауіпсіз әрі қолайлы көлік қозғалысына жағдай жасау, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру.

Күрделі жөндеуге 2 млрд. 555 млн. теңге бөлінген. Мердігер мекеме «PK Story Group» серіктестігі қолға алған жолдың ұзындығы 13 шақырым, ені 7 метр. Жөндеу кезінде жол жамылғысы толық жаңартылып, белгілер мен инфрақұрылым қауіпсіздік талаптарына сай орнатылуда.

Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына сапаны қатаң бақылауда ұстап, жұмысты белгіленген мерзімде әрі талапқа сай аяқтауды тапсырды.

2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Былтыр жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд. 605 млн. теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Өңірде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

Өткен жыл қызылордалықтар үшін тарихи жыл болды. Қазақ атауының қайтарылғанына 100 жыл толуымен қатар Қызылорда қаласының бұдан бір ғасыр бұрын астана мәртебесін иеленгеніне де 100 жыл толу мерейтойы жоғары деңгейде атап өтілді.

Қазақ тарихынан белгілі болып отырғанындай осыдан 100 жыл бұрын да еліміздің жаңғыруының жаңа парақтары Қызылордада басталды. 1925-ші жылы 19 сәуірде сол кезде Ақмешіт атанған, қазіргі Қызылорда қаласында өткен бесінші бүкілқазақ съезінің қаулысымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ғана емес, рухани құндылықтарында да тың ой, жаңаша көзқарастар қалыптасты.

Өткен жылғы Амал күнінде, яғни 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев “Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр.

Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды.

Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз.

Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек.

Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді.

Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс.

Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын” деген еді.

Қ.Тоқаев айтқан межелі жылға да жеттік. Өз қаламызда өтетін Құрылтайдың бесінші отырысы наурыз айында өтеді деп ойлап жүргенімізбен, Мемлекет басшысы биылғы жылдың 12-ші қаңтарында Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралған Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша өткізген кезекті кеңесінде Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, оны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

Қызылорда қаласында өтетін Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының жыл басында өтуінің негізі Қазақстанның жаңғыруының жаңа кезеңіне байланысты екені белгілі.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы жылдың қаңтарының 5-інде “Turkistan” газетінде жарияланған “Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты” деген сұхбатында сұхбатты жүргізген журналистің

– Биыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ? - деген сұрағына:

– Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды карап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады, - деп жауап берген еді.

Айтса, айтқандай ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарды айқындайтын жоспарланған өзгерістерді жыл басынан бастаудың маңыздылығы белгілі.

Өзгерістер дегенде жұрт ойы да өзгеріп, әрнәрсе ойлай бастайды. Осы сұхбатта журналистің билік транзиті туралы не айтасыз деген сұрағына Мемлекет басшысының:

– Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар – деген жауабы, сондай-ақ – Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар... – деген сұраққа

– Бұл – бос өңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйтеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке жатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпы-халықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса бермек. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады, - дегені билік өзгерісі туралы көп қауесет әңгімеге тойтарыс екені белгілі.

Құрылтайдың бесінші отырысының мерзімі жарияланғалы бері саясаткерлер, саясаттанушылар да өз сараптамаларын жария етуде.

Солардың бірі қызылордалық елге белгілі мемлекеттік қайраткер, саяси ғылымдар докторы Мұрат Бақтиярұлының: – Алда болатын саяси маңызы бар оқиғаларға болжам жасау оңай шаруа емес. Дегенмен, саясаттанушы ғалым ретінде биыл болуы мүмкін саяси процесстерге назар аударсам деймін. Президент халыққа арнаған былтырғы жолдауында екі маңызды мәселеге, яғни конституциялық заңдарға қатысты референдум өткізу және бір палаталы парламент құру туралы шешім қабылданғанын айтқан болатын. Оны өткізу уақыты 2027 жыл деп көрсетілген-ді. Алайда, жыл басындағы президенттің “Түркістан” газетінде берген сұхбатына талдау жасау мен жылда наурыз айында өтетін Ұлттық Құрылтайдың қаңтар айына ауыстырылуы, сонымен қатар геосаяси ахуалдың күрт шиеленісіп кетуі Референдум мен Парламент сайлауы биыл өтетіндігін көрсетіп отыр. Оның үстіне Сенат депутаттарының жартысына жуығының сайланған мерзімі маусым айында аяқталады. Логикаға сүйенсек, референдум наурыз, не сәуір айында өтеді. Ал бір палаталы Парламент пен облыс, қала, аудан мәслихаттарының сайлауы тамыз айының екінші жартысында өтіп, қыркүйек айында елімізде жаңа Парламент жұмысқа кірісетін болады, - деп ФБ парақшасында жариялаған болжамы “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” болса керек.

Ресми ақпарат құралдарынан белгілі болып отырғанындай Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Бұдан сәл уақыт бұрын қаңтардың 6-сындағы мәлімет бойынша e-Ötinish мемлекеттік платформасы мен Egov сервисінің “Парламенттік реформа” арнайы бөлімі іске қосылғаннан бері 500-ге жуық ұсыныс түскен.

Демек, еліміздің кезекті жаңғыруына ел бей-жай емес...

АХАТОВТЫҢ “БАС ЖОСПАРЫ” ҚАНДАЙ?

Өткен жыл соңында өткен қала әкімдігінің жыл қорытындысына арналған салтанатты жиынында қала әкімі Н.Ахатов баяндама жасады. Баяндамада 2025-ші жыл бойы қалада атқарылған игі істер бүге-шүгесіне дейін баяндалды.

Жыл қорытындысы жаман болған жоқ. Ең бастысы әкім айтқандай “Алты Алаштың анасы атанған – Қызылорданың астана мәртебесін иеленген 100 жылдық торқалы тойы жоғары деңгейде атап өтілді”. Осы орайда өткен жиындар, жүргізілген іс-шаралар сырттан көп мейман келіп, Қызылорданың жақсарғанын басқа жұртқа жария етіп, “жария емес” жарнамалауына ықпал етті.



Аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың қажырымен, инвестиция тартудағы ептілігімен қала тіршілігіне көптеген инвестиция тартылды. Нәтижесінде ауыз су, жарық, көше жолдары жақсаруда. Қалаға қарасты ауылдарда да тірлік “тірілді”. “Ауыл аманаты”, “Ауыл – ел бесігі” жобалары ауыл, қала кәсіпкерлерінің жобаларын жандандырды. Айта берсек, бір жылда жасалған жұмыс көп-ақ, іске қосылған нысандар да жетерлік.

5-бемте

БІЛІМ САПАСЫН ЕНДІ КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтіп, оған құқық қорғау органдары мен сала басшылары, қала, аудан әкімдері қатысты.

Нұрлыбек Машбекұлы 2019 жылдан бері Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы лауазымын атқарып келген Дәулетова Ғалия Ноғайқызын басқа қызметке ауысуына байланысты құрметпен шығарып салды.

– «Облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінде қызмет еткен жылдарыңызда Сіз оқу-ағарту жүйесінде бірыңғай мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуына, білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге және жетілдіруге зор үлес қостыңыз. Кәсіби біліктілігіңіз бен жауапкершілігіңіздің арқасында өңіріміздің білім саласы маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Аймақтың дамуына сіңірген еңбегіңіз үшін ризашылығымызды білдіріп, жаңа қызметіңізде де жоғары жетістіктер, абырой мен сәттілік тілейміз, – деді аймақ басшысы.

Ғалия Ноғайқызы Абай атындағы Алматы мемлекеттік институтында «Тарих» мамандығы бойынша білім алған. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Мемлекеттік және жергілікті басқару» магистрі.

Еңбек жолын Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде бастаған. Әр жылдары Үкімет аппаратында, Білім және ғылым министрлігінде түрлі лауазымдарда болған.

Басқосуда Ғалия Ноғайқызына Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Өз кезегінде Ғ.Дәулетова әріптестеріне алғысын, туған жердің өсіп-өркендеуіне тілектестігін білдірді. Ол Алтынсарин атындағы Ұлттық Ғылым академиясына басшы болуға Астанаға аттанды.

БЖЗҚ-дан БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ:

ҚАНША ҚАРАЖАТ АЛУҒА БОЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

– **Тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарынан қанша қаражатты қандай жағдайларда пайдалануға болады?**

– Біржолғы зейнетақы төлемі (БЗТ) – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы (зейнетақы төлемдерін алушы) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алатын міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы. БЗТ-ны өзіне немесе жұбайы/зайыбы не жақын туыстарының пайдасына мынадай шарттардың бірі болған кезде алуға болады:

- Егер салымшының міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтарының сомасы ҚР Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігі шегінен (ТЖШ) асса (*ТЖШ-дан асатын соманы пайдалануға болады*);

- Егер зейнеткердің зейнетақысы оның еңбекке жарамды кезінде алып жүрген орташа айлық кірісінің кемінде 40%-на тең алмастыру коэффициентін қамтамасыз ететін болса; Кірісті алмастыру коэффициентінің мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша айқындалады. Орташа айлық кірісті алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының базалық және ынтымақты құрамдауыштар есебінен қалыптасқан зейнетақысының мөлшері және зейнеткерлікке шыққан күннің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын табысы ескеріледі (*жинақтардың 50% - на дейін пайдалануға болады*);

- Егер МЗЖ-ның салымшысы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаса (*жеке зейнетақы шотындағы жинақтардың 100%-на дейін пайдалануға болады*);

- Егер азамат еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алушы болса (*ЖЗШ-дағы жинақтардың 100%-на дейін пайдалануға болады*).

Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшерінің азайып, кезеңінің қысқаруына себеп болатынын ескеру қажет. Сондықтан, зейнетақы қаражатын алу туралы шешім қабылдамас бұрын, зейнет жасына жеткенде зейнетақының қай деңгейіне иек артатыныңызды шешіп, өзіңіз үшін басымдықтарды анықтауыңыз керек.

– **Тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу ақысын төлеуге арналған төлемдерді алу үшін қайда жүгінуге болады?**

– Зейнетақы жинақтарын тек үкі-

летті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы пайдалануға болады. БЖЗҚ тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемін пайдалану бойынша өзара іс-қимыл туралы келісімдер жасаған уәкілетті операторлардың тізімі:

- «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі « АҚ (Тұрғын үй және емделу);
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Тұрғын үй);
- «Банк Центр Кредит» АҚ (Тұрғынүй);
- «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) (тұрғынүй);
- "Банк ФридомФинанс Казахстан" АҚ (Тұрғынүй).

БЗТ-ны жүзеге асыру тәртібі төмендегідей:

- алушылар БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы алуға болатын жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) үзінді көшірмесінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында алуға қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді алады;
- содан кейін алушы уәкілетті операторға уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы БЗТ алу туралы өтінішпен жүгінеді және өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды;
- уәкілетті оператор екі жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға БЗТ алу туралы алушылар тарапынан түсіп, тіркелген өтініштер туралы электрондық хабарлама жібереді;

- БЖЗҚ өз өкілеттігі шеңберінде жеке зейнетақы шотында сұрау салынған соманың болуын тексереді және бас тартуға негіздер болмаған жағдайда электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға өтініште көрсетілген БЗТ сомасын (көрсетілген сома ЖЗШ-да болған кезде) алушының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемі үшін уәкілетті оператор арнайы ашқан шотқа есептеу үшін аударады;
- зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттарды алушылар тек уәкілетті операторларға ұсынады.

Құжаттарды тексеріп, қаражатты өтініш берушінің түпкі мақсатына аудару туралы шешімді уәкілетті оператор қабылдайды.

Егер алушы тұрғын үйге немесе емделуге зейнетақы жинақтарының пайдаланылғанын растайтын құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаса, онда қаражат БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына қайтарылады.

– **Ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу болашақ**

зейнетақы мөлшеріне әсер ете ме?

– Еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесі ең алдымен азаматтарды зейнеткерлікке шыққаннан кейін қамтамасыз етуге бағытталған. Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары зейнетақы жарналары, сондай-ақ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыс есебінен қалыптастырылады. Болашақ зейнетақы деңгейіне жарналардың жүйелілігі мен мөлшері, сондай-ақ зейнетақы активтерінің инвестициялық кірістілігі әсер етеді.

БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен кезеңінің азаюына себеп болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зейнетақы қаражатын мерзімінен бұрын алу туралы шешім қабылдамай тұрып, зейнеткерлік жасқа жеткенде қандай зейнетақы алатыныңызды шешіп, өзіңіз үшін басымдықтарды анықтауыңыз керек. Болашақ зейнетақының мөлшерін білу үшін Сіз зейнетақының неден құралатынын көрсететін болжамды зейнетақы калькуляторын пайдаланаласыз. Оны үш сценарий бойынша есептейді: пессимистік, шынайы және оптимистік, бұл салымшыға нақты инвестициялық кірістің болжамды деңгейін ескеретін барлық мүмкін нұсқалармен танысуға көмектеседі. Сонымен қатар бұл құрал әрбір салымшыға болашақ зейнетақы мөлшерінің мерзімінен бұрын пайдаланылған және пайдаланылмаған жағдайда қандай болатынын есептеуге көмектеседі. «Зейнетақы калькуляторы» қызметімен БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында толығырақ танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) – бұл ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес (ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) ай сайынғы төлемді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі – бұл салымшы зейнеткерлік жасқа толған кезде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (мемлекеттік бюджеттен ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш.

– **Зейнетақы жинақтары мен инвестициялық кіріс неден тұрады? Нәтижелі инвестициялық кіріс өзгереді?**

– БЖЗҚ-ның әр салымшысының зейнетақы жинақтары оның зейнетақы шотына түсетін жарналар мен инвестициялық кірістерден құралады. БЖЗҚ барлық жинақтардың есебін жүргізеді, ал ҚР ҰБ мен салымшы таңдаған инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) оларды басқарады. Табыс алу мақсатында зейнетақы активтері елдегі және шетелдегі әр түрлі валю-

тадағы түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Инвестициялық кіріс әртүрлі көздерден құралады: бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістер; қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер; сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б.

Қаржы нарықтарындағы жағдай бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау, сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыстарға және т. б. әсер ететін экономикалық, саяси және басқа факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін. Сондықтан кейде инвестициялық кіріс оң да, теріс те болуы мүмкін. Бұл зейнетақы жинақтарының жалпы сомасына уақытша әсер етеді. Инвестициялық қызметтің нәтижелерін орта және ұзақ мерзімді кезең аралығында бағалаған жөн.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық – әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын eprf.kz сайтында немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетте 24/7 режимінде көре алады.

– **Қолданыстағы Салық кодексіне жеке табыс салығын өндіріп алу мерзімдеріне қатысты қандай өзгерістер енгізілді?**

– Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үйге немесе емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде салымшы жеке табыс салығын (ЖТС) өз қалауына қарай төлей алады: БЗТ алған кезде бірден немесе зейнетақыға дейін кейінге қалдырып төлеу. Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай тұлғалардың БЗТ түріндегі салық салынатын табысына **стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде) қолданылады**. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда, **БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған азаматтар** түрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. Енді Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты 2025 жылғы 15 шілдеден бастап жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды. Бірақ бұл ереже тек 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады, өйткені 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Онда ЖТС-ты қайтару үшін көзделген мерзім – 3 жыл.

– **Жеке табыс салығын қайта есептеп, қайтарып алуға кімнің**

құқығы бар?

– Салық салынатын табыс пен ЖТС-ты қайта есептеуге құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексінде айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналары немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі Салық кодексінің 346-бабында көрсетілген. ЖТС қайтаруға қажетті құжаттарды беру мерзімі үш жылдан бес жылға дейін ұзартылды. Алайда, ол 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады, өйткені 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Сондықтан БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына барып, өтінішіңіз пен қажетті құжаттарды тапсыру қажет. Қайта есептелгеннен кейін ақша сіздің зейнетақы шотыңызға қайтарылады.

– **Егер біржолғы зейнетақы төлемдерін алған кезде кейінге қалдырылған ЖТС таңдалса, 2026 жылдан бастап ЖТС-тың жойылуына байланысты зейнетақы жинақтары осы сомаға ұлғая ма?**

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты:

- алушы Қазақстан Республикасының резиденті болса, ЖТС зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен ұсталмайды, оның ішінде БЗТ да бар.

- Өзгерістер сондай-ақ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үйге/емделуге алынған БЗТ-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін кейінге қалдырылған салықтар бойынша міндеттемелердің күшін жоюды қамтиды. Бірақ бюджетке бұрын төленген салықтарды қайтару көзделмеген.

Алайда кейінге қалдырылған ЖТС-тың күшін жою – алуға болатын қолжетімді соманы қоса алғанда, МЗЖ/МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары сомасының ұлғаюы деген сөз емес. Бұл кейінге қалдырылған ЖТС сомасы есептен шығарылатынын және салымшының ЖТС бойынша мемлекет алдында берешегі болмайтынын білдіреді.

Естеріңізге сала кетейік, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін БЗТ алу кезінде ЖТС ұстап қалудың екі тәсілі қолданылады: БЗТ алған кезде бірден төлеу және зейнетақы алғанға дейін кейінге қалдыру (барлық пайдаланылатын зейнетақы жинақтарының 10%-ы алушы зейнеткерлікке шыққаннан кейін ұсталады. Бұл ретте салық сомасы тең бөліктерге бөлінеді және 16 жылдан аспайтын мерзім ішінде алушының ай сайынғы зейнетақы төлемдерінен шегеріледі). ЖТС-ты қалай ұстау керектігін уәкілетті операторға өтініш берген кезде БЗТ алушы ғана шешеді.

ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ!

Мұзда балық аулау таза аuada демалудың тамаша түрі. Бірақ мұздың пайда болу кезеңінде қанша қауіп төндіретінін ұмытпаңыз. Бұл кезеңде мұз әлі жеткілікті қалың емес, әсіресе ағыны күшті жерлерде. Көбінесе балықшылар қарапайым қауіпсіздік ережелері туралы ойламайды.

Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін Төтенше жағдайлар басқармасы қауіпсіз жүріс тұрғыстың негізгі ережелерін еске салады:

- балық аулауға барғанда, өзіңізбен бірге таяқ алып жүруді ұмытпаңыз. Мұзды айналып өте, оны түрту арқылы әлсіз мұзды алдын ала анықтауға болады. Жұқа мұз әрқашан көріне бермейді, әсіресе қар астында. Ешбір жағдайда мұздың беріктігін аяғыңыздың соққысымен тексермеңіз! Әдетте бұл мұздың астына түсіп кетуге алып келеді!
- өзіңізбен бірге ұзын, берік арқан (10-15 метр) болуы артық етпейді. Төтенше жағдайда ол сізге немесе басқа біреуге көмектесе алады;
- мұздың ең қауіпті жерлері - өсімдік жамылғысы, тіректер, ағаштар, сондай-ақ жағалау аймағы бар жерлер екенін ұмытпаңыз. Сулы мұз да қауіп төндіреді. Ол бұзылуға

бейім болып келеді;

- есіңізде болсын, күндізгі уақытта мұзда қозғалу және балық аулау орнына келген маршрутпен оралған дұрыс. Балық аулауға жалғыз бару қауіпті. Мұзда бір-бірінен 3-4 метр қашықтықта қозғалғаныңыз жөн. Автокөлікпен шығуға қатаң тыйым салынады!
- шектеулі кеңістікте көптеген тесіктерді бұрғылауға болмайды. Бұл оны өте әлсіз етуі мүмкін. Сондай-ақ қараңғы немесе сулы мұзда тесіктерді бұрғылауға болмайды;
- балық аулау кезінде алкогольден бас тартыңыз! Суықта алкогольдік сусындарды ішу жазатайым оқиғаларға әкеледі. Үсіп калу немесе мұздың астына түсу ықтималдығы жоғары. Алкоголь жылытады деген пікір қате;
- ұялы телефонды өзіңізбен бірге алып жүруді ұмытпаңыз. Апат болған жағдайда көмек шақыруға болады. Сәтті құтқарудың КЕПШІ – уақтылы шақыру және көмек көрсету.

ЕСЕНГЕЛДИЕВ Е. Т.
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты

КӨШБАСШЫ ҚАЙ ЕМХАНА?

«МСАК көшбасшысы» республикалық байқауының қорытындысы бойынша Қызылорда облысының үздік емханалары белгілі болды. Байқаудың ұйымдастырушысы – **Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры**. І қыркүйек пен 30 қараша аралығында өңірдегі медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету ұйымдары арасында, Қор филиалының медициналық қызмет көрсетушілері болып табылатын **24 медициналық ұйым** үздік атағы үшін бас сынасты.

Байқау нәтижесі бойынша: **I орын** – №6 калалық емханаға, **II орын** – №4 калалық емханаға, **III орын** – Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасына берілді. Сонымен қатар байқауға белсенді қатысқаны үшін Сырдария аудандық ауруханасының маманы Әсел Аябекова Алғыс хатпен марапатталды.



Облыстық Қор филиалының директоры Жақсылық Абдусаметовтың айтуынша, байқаудың басты мақсаты – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтарын кеңінен насихаттау және МСАК ұйымдарының жұмысын жандандыру. Байқау ережесіне сәйкес, медициналық ұйымдар бес индикаторлық көрсеткіштер бойынша бағаланды. Атап айтқанда: - МӘМС жүйесінен тыс қалған азаматтардың санын азайту; - Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметінің жұмысы туралы ақпараттық материалдар мен түсіндірмелер саны; - МӘМС мүмкіндіктері жайлы өз парақшаларындағы, БАҚ-дағы жарияланымдары; - Қор филиалына МСАК ұйымына түскен шағымдардың саны;

- Тәуліктік стационарларға шұғыл түрде жатқызылған диспансерлік есепте тұратын пациенттердің үлес салмағын азайту;

Сайыстың нәтижесі Қордың, Қор филиалының, Денсаулық сақтау басқармасының, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің және «Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің «SENIM» салалық кәсіподақ ұйымы» филиалы өкілдерінен тұратын комиссия шақырады.

Қор филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов жеңімпаз ұжымдарға алғыс білдіріп, халыққа сапалы медициналық көмек көрсетудегі еңбектеріне жоғары баға берді.

«МСАК көшбасшысы» байқауы 2024 жылы басталған. Алғашқы жеңіс тұғырына «ALEXEY SULTAN-AKHMET» ЖШС ұжымы не болған еді.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінен тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1			
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

КӨНЕ ВОКЗАЛДАР ЖАҢАРАДЫ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сонымен бірге өңірге іс-сапармен келген Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент

Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев Арал,

Қазалы, Қармақшы ауданы орталықтарындағы, Сексеуіл мен Төретам кенттеріндегі теміржол вокзалдарын жөндеу жұмыстарымен танысты. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен облыс аумағындағы теміржол вокзалдарының барлығына күрделі жөндеу, вокзал маңын абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Қазіргі таңда барлық ауданда, сондай-ақ Төретам және Сексеуіл теміржол вокзалдарында күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жаңарған инфрақұрылым жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға, қауіпсіздік талаптарын күшейтуге мүмкіндік береді.

2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн. теңгеден астам қаржыға Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимараты мен іргелес аумағы жаңғыртылған болатын.

Вокзал ғимараттарының сырты және іші жаңартылып, құту залдары, билет сату орындары және санитарлық тораптар заманауи талаптарға сәйкестендірілуде.

Сонымен қатар инженерлік желілер толық жаңартылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасауға да ерекше көңіл бөлінген.

Қазіргі таңда “Арал теңізі” теміржол вокзалында құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды. Шатырдың металлоконструкциясы жиналып, ішкі және сыртқы қабырғалар сылануда.

Сексеуіл теміржол вокзалында қатты травертинмен қаптау, кафель төсеу, есіктер орнату, ішкі қабырғаларды әрлеу жұмыстары қарқын алған.

Қазалы теміржол вокзалында жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Ал, Жосалы және Төретам теміржол вокзалдарында сыртқы қабырғаны қатты травертинмен қаптау, еденді кафельдеу, жылу жүйелерін жүргізу, шатырды ауыстыру және сыртқы абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Жаңғырған вокзалдар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін береді.

ЖҮЗ ЖАС ПӘТЕРЛІ БОЛДЫ

Қызылордада «Сыр жастары» өңірлік бағдарламасымен баспаналы болған 100 жас отбасына пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты салалалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныс тойымен құттықтап, өңірлік бағдарламаның тиімділігін атап өтті.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді бастаған жастардың бірден пәтер сатып алуы оңай емес. Сондықтан жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі», - деген болатын.

Бүгінде облысымыздағы жастар саны 250 мыңға жуық, яғни аймақ халқының 30%-ы. Өткен жылы жастар саясатын дамыту мен қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 105 млн. теңге бағытталды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 1 млрд. 200 млн. теңге, «Отбасы банк» тарапынан 500 млн. теңге, жобаларды қолдау мен жүзеге асыру үшін 310 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді.

«Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылы қабылданды. 2024 жылы 100 жас отбасы баспаналы болды.

Облыста тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.
2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Соңғы 3 жылда алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестерімізге берілді. Ерекше атап өту қажет, қалада заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Жастарды мемлекеттік қолдаудың айқын дәлелі ретінде бүгін 100 пәтерлік 2 тұрғын үй білім, медицина, мәдениет, спорт, қаржы, әлеуметтік салаларда қызмет ететін жас отбасыларға табысталуда. Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, әр шаңырақтың іші татулық пен берекеге толы болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында тұрғын үйлерді салған мердігер мекеме «Nur B group» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов сөз сөйлеп, құттықтауын жеткізді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы серпінді жұмыстарды атап өтті.

Облыс әкімі және қонақтар өңірлік бағдарламамен пәтер алған жас маманның жаңа пәтеріне кіріп, ізгі тілектерін білдірді.

ТИТОВТА 135 ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРІЛДІ

Қызылорда қаласының Титов шағын ауданындағы 135 пәтерлік тұрғын үйдің пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті. Аталмыш тұрғын үй кезекте тұрған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілді. Рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы қарқынды құрылыс алаңына айналған қаладағы игілікті істерге тоқталып, жаңа пәтер иелерін құттықтады.

– «Осы жыл жаңа бастамалар мен жарқын жоспарлар жүзеге асатын, береке мен бірлігімізді бекемдейтін кезең болмақ. Бүгін, міне жерлестеріміздің баспаналы

әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды.

Алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестеріміздің игілігіне айналды. Қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

700 млрд. теңгеге жетіп, 6,5 пайыздық өсім қамтамасыз етілді, 2021 жылмен салыстырғанда 2 есе өсті. Былтыр облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңге болып, 2021 жылдан бері 246 пайызға артты. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды.

Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жанаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор.



бола қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен барлық салада серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында оң тенденция қалыптасты.

2022 жылдан бері өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-

Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, шаңырақтарыңыз татулық пен берекеге толы болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада тұрғын үй құрылысына атсалысқан мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев сөз сөйледі.

Өткен жыл қорытындысымен жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн.

ШАЛҒАЙ АУЫЛДА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Арал ауданының Мергенсай ауылдық округіне қарасты Жалағаш ауылында 150 орындық мектептің ашылу рәсімі өтті. Рәсімге қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты шәкірттердің жарқын болашағына қызмет ететін жаңа мектептің ашылуымен құттықтады.

– “Өздеріңізге белгілі, «Түркістан» газетіне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» тақырыбында кең көлемді сұхбаты жарияланды.

Сұхбатта Мемлекет басшысы «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», - деп атап өтті.

Биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды дамытудың ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарын айқындайтын жыл болатынын жеткізді.

Біздің ең бірінші міндетіміз - балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу - мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Аймағымыздың білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн. 159 млрд. теңге бөлінді.

2022 жылдан бері 42 заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, ел игілігіне табысталды.

2023 жылдан бері 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Баршаңызды жаңа мектептің ашылуымен құттықтаймын!

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ЖАНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ

Қызылордада инклюзивті спорт орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева қатысты.

Рәсімде аймақ басшысы салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын атап өтіп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы “Түркістан” газетінде жарық көрген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында: «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», - деп атап өтті.

Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асырылуда.

Міне, бүгін Өздеріңізбен бірге «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынған ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған Инклюзивті спорт орталығын ел игілігіне табыстаймыз. Жобаны іске асыруға 2 млрд. 900 млн. теңге бөлінді.

Мұнда спортшыларымызға арналған волейбол, күрес, жалпы дене дайындығын жасауға арналған залдар қарастырылған. Бір мезетте 131 адамның спортпен жүйелі шұғылдануына мүмкіндік жасалған. Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға қосқан елеулі үлесі үшін Ләззат Алтынбекқызы басқаратын «Қазақстан халқына» қоры ұжымына Сыр жұртшылығының атынан шынайы ризашылығымызды, зор алғысымызды білдіреміз», - деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда саланың дамуына елеулі үлес қосқан спортшылар мен инклюзивті спорт орталығын сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының арқасында өңірімізде бірлес-

былтыр Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, пайдалануға берілді. Сырдария, Қармақшы аудандарындағы спорт нысандары жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тағы 6 спорт кешенінің базасын нығайту жоспарланған.



Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - аумағы 25 мың шаршы метр «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінде олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Азия, Әлем чемпионаттарын өткізуге арналған 2 500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары болады.

кен жобалар жүзеге асуда. Қор 12 млрд. 851 млн. теңге қаржыны Қызылорда облысында маңызды әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсетуге бағыттады.

Білім беру саласына, ауыл мектептерінің материалдық базасын нығайтуға 5 млрд. теңгеден астам қаржы қаралды. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында 5 млрд. теңгенің жобалары іске асырылуда.

Спорт инфрақұрылымын дамытуға бөлінген 2 млрд. 728 млн. теңгеге

Тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен айналысуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Өңірде кәсіпкерлер демеушілігімен, ұлттық компаниялар және спорт федерацияларының қолдауымен жүзеге асқан маңызды жобалар бар.

2022 жылдан бері 23 спорт нысаны, атап айтқанда Орталық стадион, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары, 20 спорт кешені салынды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ел игілігіне табысталады. Аймақта алғаш рет ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда бокс клубы» жұмысын бастады. Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионын күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд. 600 млн. теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды.

ТАҚЫР КЕДЕЙДЕН МИЛЛИОНЕРГЕ, МЕЦЕНАТҚА АЙНАЛҒАН ХҰСАИЙНОВТАР

Қазалыда халық әлі пайдаланып отырған теңдесі жоқ білім ошағына айналған көрікті Алланың үйін сыйлаған, ағайынды Хұсаиыновтар кім еді?

БАҚ-тарда ағайынды Хұсаиыновтардың Ахмет пен Ғанибай Ғалиұлдары, әсіресе Қазалыға байланысты Ғанибайының аты аталады. Ресей деректерінде Хұсаиыновтардың екеу емес, үш ағайынды екендігі туралы деректер сақталған. Олар Хұсаиынов Ахмет Ғалиұлы (1837-1906), Хұсаиынов Махмұт Ғалиұлы (1839-1910), Хұсаиынов Ғани Ғалиұлы (1839-1902). Бұл туралы Ресейдің еңбегі сіңген мәдени қызметкері, «Ресейдің Алтын қалам» Құрмет белгісінің иегері, тарихшы, филолог, журналист, жазушы Вильям Савельзонның «Оренбургская история в лицах» *50 портретов на фоне эпохи* (Оренбург, ИПК «Южный Урал»-2000) жинағында көрсетілген. Жинақта автордың «Тиынды бағаламаған адамның бағасы тиын тұрмайды» деген мақаласы берілген. Хұсаиыновтар XIX-ғасырда-ақ Ресей мен оған көрші мемлекеттерде меценат, «қаржы данышпандары», алпауыт миллионерлер атанған. Оларға Ғали әкесінен мұра ретінде Татар Қарғалысындағы құлайын деп тұрған үй қалады. Жастайынан еті тірі, пысық балалардың үлкені Ахмет қарыздарынан құтылу үшін үйлерін сатып, Елек жағасына көшеді.

Жақсы адамның аты, тірі күніндегі істеген жақсы істері ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ешқашан ұмытылмайды. Қазалы қаласындағы Қорқыт ата көшесінде ерекше көз тартатын ескі ғимарат орналасқан. Көнекөз қариялардың айтуынша бұл татар Ғанибай салғызған мешіт. Республикалық ескерткішке жататын мешіт құрылысшы Мұравыннің жобасымен 1887 жылы қазандық көпес Ғанибайдың қаржысына салына бастаған. Кейін құрылыс тоқтап қалып, 1894 жылы (тағы бір деректерде 1900 ж.) халық күшімен аяқталған. Ғанибай мешіттен бұрын Қазалыда өзіне зәулім үй, керуен сарайын салғызған. Ғанибайдың үйі, мешіті туралы кезінде Ә.Сералы, Д.Ізтілеуова, Ұ.Талапбаева, Р.Шорақызы, М.Қаназ, Қ.Жолдасовтар мақала жазған.

Анасын бағып, інілерін адам қатарына қосуды мойнына алған 12 жасар Ахметке отбасының бүкіл ауыртпалығы түседі. Басында сарышұнақ аулап, оны бас киім тігетіндерге өткізген Ахмет елде «Сарышұнақ» атанады. Мал да бағады, сабаннан кесек құйып, оны сатып та көреді.16 жасқа толғанда капиталын 5 рубльге жеткізді. Ол жылдары Ресейде 5 рубльге 10 келі нан, немесе 5 келі сиыр етің алуға болатын еді. Ахмет жасындағы балалар ол ақшаға тәтті тағам сатып алып, бір тойғанына разы болатын еді. Ал ол ақшаға тауар сатып алып, қазақ даласына барып, мал терісіне айыр-бастады, оны орыс селоларына апарып, сатып, қайта терілер алып, тауарға айырбастап, қайта сатып, түскен ақшаны айналымға жіберді. 30 жыл өте ол қолына түскен ақшаға әуелі қол арба, одан кейін арбалы ат сатып алды. Кейін капиталы 4 000 000 рубльге жетіп, Орынбордың Киров көшесінде бүгінде сақталған, ең көрікті ғимараттардың бірі болып саналатын Хұсайиния медресесі мен мешіт салып, халық игілігіне тапсырады.

Сол кездегі Орынбор қаласының саудасы қарқынды дамығанын төмендегі көрсеткіштерден білуге болады. Кеден қызметінің хабарлауынша 1748-1755 жылдар аралығында Персия, Бұқара, Индиядан Ресейге 55 пұт алтын теңгелер, 4600 пұт күміс қабылданған екен. Уақыт өте келе Хұсаиыновтардың Ресейде 8, Берлин, Стамбул, Кабулде 3, жалпы саны 11 сауда-өндіріс өкілдіктері пайда болды. Орыс көпестері Ахмет тиынның бағасын біледі деген екен. Ахмет өзі, бауырлары үшін көп ақша жұмсамады, алыс сапарларға ең төменгі 4 дәрежедегі жайсыз орынмен барып, қайтатын. Қымбат мейрамханаларға бас сұқпай, жолға өзімен бірге нан, кептірілген ет, қазы, қант, шай алатын болған. Ең арзан киім киді. Отынды үнемдеп, ауа-райы жылы болса отты аз пайдалануды өзі қадағалаған. Трактир, мейрамханаға азық-түлік, сусындарды үнемдеп, қаржыны аз жұмсап, көп пайда табуды ойлады. Ол сауда қатарларын ең аралап, қонақтарды таңдап шақыратын болған. Арбакеш қызметін біз өзі пайдаланбай, оның қызметін бірге төлейтін серіктеспен бірге пайдаланған. Бірнеше мыңдық үлкен сауда болса да

әрбір тиынға саудаласатын болған. Оның іс-әрекеттеріне қарай оны сараң деп ойлап қалу мүмкін. Ол принципшіл болған. Жіі айтатын сөздерінің бірі: «Ақшаны арыстанның аузынан да суырып ала білу керек». Өз табысын тыннан құрады. Саудада зерек,



Ахмет пен Махмұт

жүйрік, тапқыр, еңбекқор, аса тегеурінді, кәсібіне адал болды, кәсібін сүйді, бағалады. Күн атқаннан күн батқанға дейін тынбай еңбек етті.

Хұсаиыновтар дүниені қаншама жақсы көрсе де олардың қанында еңбекпен жиған дүниемен оңай қоштаса алатын мәрттік қасиеттері де болды. Бірде Махмұт Германияға аса ірі көлемде мал жүнін жөнелтеді. Неміс көпестері оны алдап, пайда көргісі келіп, әр нәрсені сылтауратып, келісім-шартты бұзып, тауарды жеткізуге жұмсалған ақшаны талап етіп, тауарға ақша төлемейтіндігін айтады. Махмұт оларға қалай жауап берді? Ол дереу Германияға аттанып, бүкіл тауарды бір ойға жинап, өртеп жіберген. Өз тауарын өзі өртеген азиатқа жан-жақтан жиналғандар таңқалысып, бастарын шайқаған. Көпестер оны ақымаққа санайды. Кейін олар Моңғолия, Қытай, Сібір, Орталық Азиядағы бүкіл мал терісін сатып алмақшы болады. Алайда, олар 1 жыл бұрын Хұсаиыновтардың ол елдердегі бүкіл өнімді алдын ала сатып алып қойғанын естиді. Келісім-шарт жасасқан шұға фабрикалары қожайындары көпестерге көп мөлшерде айыппұл салады. Басқа амалдары қалмаған олар қайтадан Хұсаиыновтарға барып, жалынып, жалбарынып, тауар алған, одан кейін оларды алдамаған екен.

Бірде Махмұт түн ортасында жаңа салынған үйіне Орынбор ығай-сығайларын қонаққа шақырады.Сол ертерек келген олар егесі жоқ үй ауласында жайылған дастархан басында қараңғыда отырып, шамдана бастайды. Сағат түнгі 00-де сағат тілінің қатты соққан дыбысынан кейін бақ айналасы күндізгідей жап-жарыққа айналғанын көріп таңқалысады. Осылай Махмұт жұртқа елде жоқ АҚШ-тан алып келген электр станциясының жарығын тамашалатып, жаңалық авторы инженердің ортаға алып шыққан табақшасын ақшаға толтыртқызады.

Кейіннен кәсіптерін дөңгелетіп, әбден байыған ағайындыларға Орынбор тарлық қылады. Махмұт Орынборда қалады, Абдіғани Қазалыға, үлкені Ахмет Қазанға қоныс аударады. Қазір әлемде қолданылатын банктік пластикалық-электрондық төлем карталарымен ешкімді таңқалдыра алмайсың. Бұл карталармен кез келген мемлекеттегі банк бөлімшелері арқылы еш қиындықсыз ақшаныңды ала аласың. Ал ағайындылар XIX-ғасырда-ақ соған ұқсас өзара төлем жүйесін құрған. Ұры-қарының өршіп тұрған заманында Орта Азия көпестері жақын емес Орынборға, алыстағы Қазан, Төменгі Новгородқа қап-қап ақша, бағалы заттар апарып әуре болмаған. Сауданы жақын Қазалымен жүргізіп, Ғанимен есептесіп, одан қолжат алып, Орынбор,Қазанға барып, оны Махмұтқа немесе Ахметке тапсыратын болған. Олар өз кезегінде өз қаржысына көпестердің алатын тауарларына төлемдерін төлеп, елдеріне шығарып салатын болған. Ал Ғани олардан түскен ақшаға Қазалы мен жақын елді мекендерден арзан бағаға мыңырған мал алып, Орынбор базарына апарып, қыруар пайда тауып отырған.

Хұсаиыновтар алкогольдік өнімдер ішпеген. Сондықтан иелігіндегі Орынбор үлкен татар баспаханасында бұл өнімдердің адам баласына зиянын дәріптейтін кітаптар шығаруға жылына 500 рубль аударып отырған. Махмұттың ұлы (есімі аталмаған) басқарған «Қаримов, Хұсаиынов компаниясы» татар баспа серіктестігі бүкіл Ресейдің кітап шығару өндірісінде үлкен роль атқарды. Олар діні басқа адамдарға да көмектескен. Орынбордағы жергілікті билік кафедралыдық шіркеу салғанда Ахмет іргетасын қалаған. Орынбордағы Ақтөбе (Маяк) тауы Хұсаиындар атымен аталған тауды сатып алып, әк өндірісін қолға алған. Әкті арнайы пештерде күйдіріп, майда сүзгіден өткізіп, сумен емес Орынбор айналасындағы халықтан сатып алған 4 миллион тауық жұмыртқасымен араластырып, шіркеу іргетасына пайдаланған. 30-шы жылдары діни ғимараттары жаппай қиратылғанда шіркеу іргетасын бұзуға жарылғыш қолданған, кейбір жерлерін бұза алмай айналып өткен.


Бір қызығы осы қаржы әулетін құрушы, Еуропа мен Азияға белгілі Ахмет сауатсыз болған, құжаттарға қолтаңбасын қоймай, бір белгі қоя салады екен. «Бес рубльмен сауда бастап, оны төрт миллионға жеткізген мені жалқау, қолынан ештеңе келмейтін адам деуге

тар медресесі электр жарығымен қамтамасыз етілген. Медресе 1919 жылы Хұсаиыновтар атындағы Мұғалімдер институты болып қайта құрылды.

Бірде жаңа салынған мешіттің имамы Ахметке мешітті дүние-мүлікпен қамтамасыз ету туралы өтініш жасайды. Сонда ол: «мешіт салынды, енді әйелдер кілем тігіп, алаша, киіз басып, мешіт ішін көркейтсін. Мен құдайға жағымды әрекеттерді бір өзім жасайтын сараң адам емеспін.Мешіт қоршауын өзің тұрғыз, оған шамаң жететінін білемін. Осы жұмыстың барлығын өзім істесем, бір күні сендер үшін намаз оқимын ба деп қорқамын»-депті.

Ресейдің өңіраралық «Мұра» ғылыми орталығының парақшасында жарияланған «Ағайынды Хұсаиыновтар қамалы» атты мақалада: бүгінгі Орынбордың Кичигин көшесінде орналасқан Михайлов базарында сұр тастардан қаланған бір кварталға созылған ішек-қарын жуатын орын, ұн диірмені, ет, басқа да азық-түлік, заттар сақталған қоймасы, тұрғын үйлер, ғимараттары әлі күнге дейін сақталған деп көрсетілген.

«Орал жеріндегі Ислам» атты эн-



Қазалы қаласындағы Ғанибай мешітінің өткен ғасырдағы және бүгінгі көрінісі

болады ма? Мен 4 жыл мектепте оқымды, мен оқи, жаза алмасам, онда мен емес мектеп кінәлі болмай ма»-деп қайталағанды жақсы көрген екен.

Ахмет өзі сауатсыз болғасын бүкіл өмірін, тапқан пайдасын халықтың сауатын ашуға жұмсаған. Мешіттер, мектептер (медресе) салуға орасаң көп қаржы бөліп отырған. XIX-ғасырда Ресейде медресе, мектептерді тек мешіттер жанынан салуға рұқсат берген. Ол оқу орындарында оқыту жаңаша бағдарламамен, сол кездегі заманауи әдіспен оқытылған. 1889 жылы Орынборда ұстаздар мен шөкірттерге өте ыңғайлы зәулім «Хұсаиня» медресесін салды. Жер құнын есептеменде тек мектеп құрылысына жүз мың рубль жұмсалды. Бұл орасан қаржы еді. Мектептің оқу мен тұрғын бөлмелері сол кезде Ресейде енді пайда болған бұр жылуы мен электр жарығымен қамтамасыз етілді. Ең білікті оқытушы мамандар алғызды, оларды әлемнің ең мықты мұсылман оқу орындары мен діни орталықтарына білімін жетілдіруге жіберуге қаржысын аямады. Тұрмысы төмен 50 оқушыға шәкіртақы, жүздеген оқытушыларға қосымша төледі, жалпы ағарту ісіне орасан көп қаржы жұмсады. «Хұсаиня» медресесін мыңдаған діни, дүнияуи, зайырлы қайраткерлер, ғалымдар, жазушылар, журналистер аяқтап шыққан. Белгілі кеңес, татар ақыны, журналист, Кеңес одағының батыры Мұса Жалел де сол оқу орнын аяқтаған. 3 қабатты медресенің терезелеріне ауа-райын өлшейтін аспап, желдеткіш орнатқан. Орынбор мемлекеттік Думасы май шаммен жарықтанып отырғанда Хұсаиынов-

циклопедия анықтамасы (жауапты редактор Д.З.Хайретдинов. «Медина баспа үйі», 2009. С. 395) басылымында Хұсаиыновтар қазақ даласында мал және шикізаттарын сатып алып, Орынборға, Төменгі Новгородтағы Ресейдің ең үлкен жәрменкесі Макаровка жөнелтіп отырғандығы, түскен қаржыға қазақ жері мен Орталық Азия елдеріне мата, өндіріс тауарларын жеткізіп, сауда көшбасшысы атанғандығы, олардың сауда-саттық қызметі Әулие-Ата, Верный, Ырғыз, Перовск, Самарқанд, Ташкент, Тоқмақ, Түркістан, Шымкент қалаларында ашқан сауда үйлері арқылы дамығандығы, керуен жолдарындағы түрлі қауіптен көпестерді қорғау мақсатында олардың Ресейден Орталық Азияға және керісінше қаржы аударудың қызметтерін ұсынып, жақсы пайда тауып отырғандығы көрсетілген. 1895 жылғы Орынбордағы сауда айналымы 1 млн. рубльге жеткен. 1918 жылы Азамат соғысы кезінде Орынборды атаман А.Дутовтың басып алып, басқаруы кезінде Хұсаиыновтардың қойма кешені Орынбор әскери округінің (казактардың) әскери қару-жарақ, киім қоймасына айналған.

Ахмет өзінің керуендеріне артқан тауарларының аман-есен жетуіне сенімді болған. Себебі, ол сатылымға шығарылған тауарларының өзі қорғап жүреді дейді екен. 1896-1906 жылдар аралығында Хұсаиыновтар Ресейде 20 мешіт, яғни жылына 2 мешіт салып отырған. Ол кезде әрбір мешітке орташа есеппен 3 мың рубль жұмсалып отырған. Бір ірі қара малдың бағасы 5 рубль болса, онда бұл 600 бас сиырдың, ал оның екі мешітке шаққандағы құны 1200 бас мал болған. Бұл олардың халыққа қайтарымсыз қыруар ақшасын жұмсағандарының дәлелі.

Ахмет Ресей тарихында бірінші болып Орынбор мұсылман қоғамына жарты миллионға бағаланатын (мұсылман елдерінде-діни ұйымдарға қайырымдылық ретінде берілген табыс өкелетін бүгінгі күнге шаққандағы құны 3 миллиард рубльден асатын салық салынбайтын мүлік) уақып бөлді. Бұл қонақ, сауда үйлері, мекемелер, тұрғын үйлер, т.б.

ҚасиеттіҚұранның Тәғабун сүресінде (17): «егер, Аллаға көркем қарыз берсеңдер (тиісті орынға мал сарып қылсаңдар), оны сендер үшін неше есе арттырады әрі сендерді жарылқайды. Алла шүкірлікті бағалаушы, өте жұмсақ» деп көрсетілген.

Қараша Қараманның «Қарасақал Ерiмбет шайыр» («Тоғанай Т» баспасы. Алматы 2022) атты танымдық жинағында (авторы зейнеткер, ұстаз Қадырбек Бекет) 1909 жылы Қазалының қазіргі автовокзал орнында болған базар құрылысын жоспарлаған Қыпшақбай ұлы Нұролла туралы жазылған. Қыпшақбай атамыз Қазалыда Ғанибайдан кейінгі ауқатты бай болған. Ол жас кезінде сонау Англияға дейін сауда-саттық жасаған Ғанибайдың лавкісінде дүкенші болған. Бай күніне сауда жасаған 85 тиынның 80 тиынын өзіне, 5, кейде 10 тиынын Қыпшақбайға қалдырып отырған. Кейін XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында атамыздың иелігіндегі төрт түлік малдың саны жүз мыңнаң асқан екен. Ол бір Орынборға бір барғанда базарға отыз мың төрт түлік мал айдап отырған екен.

Оқырмандарымыз Ресейдің меценаттарына айналған Хұсаиыновтар-Ресейдің XIX-ғасырдағы муфтіі Хұсаиынов Мұхаммеджан Абдрахманұлымен шатастыруы мүмкін. Ашық энциклопедия -Википедия деректеріне сәйкес 1788-1824 жылдар аралығында өмір сүрген аса ауқатты, байдың бірі, алғашқы муфти, алғашқы ахун,1785-1824 жылдар аралығында Орынбор мұсылмандар қоғамының төрағасы. Ол башқұрт жерінде туып, сонда қаза болған. Қызы Фатима ішкі қазақ (Бөкей) ордасының ханы Жәңгірдің әйелі болған. Ал ағайынды Хұсаиыновтар ол кісі дүниеден озғаннан кейін өмірге келген.

Иә, жастайынан жетім, әркімге қыруар қарыз болған Ахметтің таза, қажырлы еңбегі арқасында кедейшілктен құтылып қана қоймай, Еуропа мен Азияға белгілі атақты, алпауыт

Белгілі тарихшы, Орынбор педагогика институтының проректоры Е.В.Бурлуцканың Ресейдің Төмен қаласының АЛ-НАКК ақпараттық-ағартушылық порталында (alihak.ru) «Ахмад бай Хұсаинов- ұлы мұсылман меценаты» атты мақаласында: «Әрбір істі аяқтауға тырысқан адамға құдай көмектеседі», «Басқалардың қолынан келген іс менің де қолымнан келуі керек», «Байлықтың көмегімен тозақтан құтылып, жұмаққа баруға болады». «Әрбір тиын Құдайға тиесілі, мендегі ақша уақытша менің менігімде. Сондықтан мен Жаратушының құптамаған бірде бір ісіне бір тиын да бермеймін» деген сөздері жарияланған. Иә, ол Алла қолдайы деген Орынборда өткізілетін қайырымдылық іс-шараларға белсене қатысқан.

Асханалар күнделікті 3 мың адамды тегін тамақпен қамтамасыз етсе, оның екі мыңын ұлтына, дініне қарамай Ахмет тамақтандырған. Оның бұл әрекеттері сол кездегі «Орынбор парақшасы» газетінде жарияланған. Бұдан бз оның інісі Ғанибайдың да Қазалыдағы қайырымдылық іс-шараларға белсене қатысқанын байқаймыз.

миллионер, меценат атануы кімді болса да таңқалдыратыны рас.

Олардың өмірі «дайын асқа ие болғысы келетін» немесе «еш қындықсыз әке, көке арқасында басшы орындығына топ ете қалғысы», «еңбек етпей, автокөлік пен зәулім үйге еге болғысы келетіндерге», жалпы қазақтың қазіргі жастарына үлгі болуы тиіс.

Тарихшылар, өлкетанушылар Хұсаиыновтардың еліміздің басқа қалаларында салдырған тарихи ескерткіштерін зерттеп, жарыққа шығарса олардың қазақ жері мен еліне жасаған жақсылықтарының қайтарымы болар еді.

Менің ФБ парақшамда тіркелген (өзінің атын жарияламауымды сұраған орынборлық, ұлты татар) танысым 2000-шы жылдары Хұсаиыновтар ұрпақтарының Қазалыға барып, аталарынан қалған құрылыс нысандарын аралап көргендерін жазды.

Қазалының бір көшесінің аты еліміздің ағартушылық саласында, халықты сауда-саттыққа үйретуде ойып орын алатын, елімізге көрікті тарихи ғимараттар сыйлаған ағайынды Хұсаиыновтардың атымен аталса құба-құп болар еді.

Ескертпе. Мақала авторы есімі мен мақаладағы кейіпкерлердің тегінің сәйкес болуы кездейсоқтық деп қабылдануы тиіс.

Хұсайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ
Заңгер-журналист. Ақпарат саласының үздігі. Запастағы полиция полковнигі.

Үкімет пен әкім

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ

Бұл факторлар ұзақмерзімді сипатқа ие және одан жүйелі бейімделуді талап етеді. Министрлік тарапынан 2026 жылғы суару маусымына дайындық басталып, бұл бағытта жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Суару каналдары мен гидротехникалық құрылыстарда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары атқарылуда. Өңірлерде фермерлермен кездесулер өтіп, су үнемдеу қажеттілігі және ылғалды аз қажет ететін дақылдарға көшу мәселелері түсіндірілуде.

Атап айтқанда, 2025 жылдың желтоқсан айының басында Үкімет басшысы орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарында көшпелі кеңестер өткізіліп, онда су тұтыну лимиттерін қатаң сақтау және су үнемдейтін технологияларға жедел көшу міндеттілігі ерекше атап өтілді.

Үкімет отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін өткен облыс

әкімдігінің мәжілісінде осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Арал ауданы Тоқабай және Абай елді мекендерін топтық су құбырына қосуда тиісті жұмыстарды үйлестіріп, толық әрі сапалы аяқталуына бақылау жасаңыздар.

Қызылорда қаласының бас су алу құрылымын жаңғырту жобасын әзірлеуді шұғыл аяқтап, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу керек.

Биыл лазерлік тегістеу жоспарын 65 мың гектарға жеткізуді қадағалаңыздар. Су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдау үшін бөлінген қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалуы өте маңызды, – деп Нұрлыбек Машбекұлы тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде 2025 жылдың соңына дейін барлық елді мекенді 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде жүйелі жұмыс жүргізілді.

ҚАБЫЛДАУҒА КЕЛГЕННІҢ БІР МҰҚТАЖЫ БАР...

Биылғы жыл басында Қызылордадағы «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемовпен бірге Қызылорда қаласының тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келгендердің басым бөлігі тұрғын үй, несие, денсаулық, әлеуметтік көмек, жер мәселелерін көтерді.

Көпбалалы ана Асфендияров көшесіне газ желісін жүргізуді және жарықтандыруды сұрады. Аймақ басшысы қала әкіміне «ҚазТрансгазаймақ» мекемесінің басшылығымен бірге барып, жағдайды зерделеуді, табиғи газға қолы жетпеген тұрғындар мәселесін шешуді тапсырды. Жакын күндері Асфендияров көшесіне газ барып, оған қоса демеушілік есебінен жарықтандырылады.

Жарқынбаев көшесінің тұрғыны көше бойына жылдамдық бәсеңдеткіш орнату туралы өтініш білдірді. Бұл жерге белгі орнатпас бұрын жол қозғалысы қауіпсіздігі мен кептелістің алдын алу үшін жан-жақты зерделенеді. Қалалық полиция басқармасымен бірлесіп, тиісті жұмыс жүргізіледі.

Сол жағалау тұрғыны жоғары қабатта адам тұрмағандықтан, ипотекамен алған пәтеріне су кеткенін айтты. Аймақ басшысы тұрғын үйді салған мердігер мекемеге мәселені шешу туралы тапсырма берді.

Облыс әкімі 2022 жылдан бері облыстық сот төрағасы, облыс прокуроры, ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті, облыстық полиция департаменті басшыларымен бірге жылына екі рет Қызылорда қаласы мен аудандарда тұрғындарды жеке қабылдау өткізіп келеді. Облыс әкімі мен құқық қорғау органдары басшыларының айына бір рет жұртшылықты қабылдаулары да жоспарланған. Оған қоса, облыс әкімінің орынбасарлары аталған құқық қорғау органдары басшыларының орынбасарларымен бірге токсанына бір рет халықпен кездеседі.

Жеке қабылдауларға тек алдын ала жазылушылар ғана емес, әлеуметтік желіден хабардар болған көпшілік те келеді. Қабылданатын адам санына немесе уақытқа шектеу жоқ, ең соңғы келушіге дейін ой-пікірін айтуға мүмкіндік бар. Негізінен тұрғындардың мәселелерін сол жерде шешуге басымдық беріледі. Кейбір сұрақтардың жауабы түсіндіріледі, бірқатарының шешу жолдары көрсетіледі. Егер орындалуы белгілі бір уақытты талап ететін болса, жауапты тұлғаларға міндет жүктеледі. Ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Қабылдауда қозғалған мәселелердің барлығы облыс әкімінің ұдайы бақылауында болады.

Ашықтық қағида-тына негізделген қабылдау барысында 130-дан астам азаматтың өтініші қаралды. Оның ішінде облыс әкіміне 60 тұрғын жеке сұрақтарын қойды.

АХАТОВТЫҢ “БАС ЖОСПАРЫ” ҚАНДАЙ?

Бізге керегі – қала әкімінің биылғы жылға бітірері. Нұржан Сәбитұлы да өткен жылды ризалықпен шығарып салып, 2026-дан көп үмітті екенін аңғартты. “Ел Президенті мен Үкіметтің тұрақты қолдауы, аймақ басшысының үйлестіруімен жетер жетістіктеріміз әлі алда деп білемін. Оның нақты дәлелі – барлық салада оң динамика қалыптасып, өсім еселене түсуде” деп, өткен жылдан биылғы жылдың одан да табысты болатынына қала әкімі сенім білдірді.

Өткен жыл соңында қалаға іргелес “Сабалақ” елді мекеніне газ кірді. Тұрғындар үйіне әлі толық газ жағып үлгермесе де күлден толық құтылғандай қуанып жүр. Енді биыл “Қызылөзек” ауылына газ тарту үшін газ құбырын тартуға 1 млрд. 800 млн. теңгенің жобасы әзірленген. Әзірге қала әкімі “қажетті қаражатты бөлдіруге жұмыс жасаудамыз” дейді. “Жанқожа” батыр көшесі бойымен теміржол асты өткелінен әрі-бері өтіп те қалармыз. Қазір құрылысы қарқынды жүріп жатқан аумағы 25 мың шаршы метрді құрайтын, құны 20 млрд. 500 млн. теңге болатын көпбейінді “Қызылорда Арена” спорт ашық кешінен де бір-бірімізбен таласа-тармаса лентасын қыпп, ащып қалармыз.

Құны 36 млрд. 400 млн. теңге құрайтын 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысын да келер жылға ұзартпай-тынымыз анық. Бәрінен де бұрын құны 48 млрд. 500 млн. теңгеге 200 орындық перинатальды орталық пен құны 14 млрд. 780 млн. теңге тұратын 500 орындық емхана салуға Үкіметтің қаулы қабылдағанын айтсаңызшы... Несіне қуана-сыздар, қалада емхана жоқ па еді, немесе “Ана мен бала” орталығы кімнің тақиясына тар болып тұр деп қисық өңгіме айтып, қисайып қалатындар да жоқ емес. Емханалар жоқ емес, бар. Алайда оның көпшілігі ескірген, типтік жобаға сәйкес келмейді. Тіпті, өзгесін айтпағанда тозығы жеткен бұрынғы жетім балалар үйіндегі емхана филиалына барып, ем қабылдап жүргендерге жақсы емхана жетпей жүргені анық. “Ана мен бала” орталығында босанған ана мен жаңа туған нәрестеге бар жағдай жасалған десек, осында жатып, жағдайы болмаған, шағымданған көп жұрттың шамына тиіп кететініміз тағы анық.

Сондай-ақ, 10 млрд. теңгеге 400 орындық тағы бір емхана құрылысы басталады дегенді әкім баяндамасынан естіп-білген жұрт елеңдеп қалды. Облыс әкімінің бастамасымен және үйлестіруімен былтырғы шілде айында басталған Кореяның “Уиз Ю” компаниясының құны 34 млрд. 500 млн. теңге тұратын тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыты да биылғы жылдың игілікті ісі болмақ.

Өткен жылы 5 елді мекен топтық су құбырына қосылып, 4 елді мекенде ішкі су жүйелері салынды, сондай-ақ 2 елді мекенде су тұщытқыш қондырғы орнатылды. Президент тапсырмасы толық орындалды.

Суды үнемдеу және цифрлық технологияларды енгізу бағытында күріш алқаптары оңтайландырылуда, 2024 жылмен салыстырғанда күріш егісі 4 700 гектарға қысқарды.Былыр жаңа технологияларды пайдаланып 8 100 гектар жерге дақылдар егілсе, осы жылы бұл көрсеткішті 16 700 гектарға жеткізу жоспарланған. Шетелдік компаниялардың қатысуымен 3 ірі жоба жүзеге асырылып, тамшайлатып және жаңбырлатып суару арқылы жүгері мен жоңышқа өсірілуде.

Диқандар 60 мың гектар күріш алқабын лазерлік тегістеуден өткізді. Нәтижесінде су үнемделіп, өнімділік артты. Биыл осындай жер көлемін 65 мың гектарға жеткізу көзделсе, 2028 жылға дейін егіс алқаптарын толық тегістеледі.

ШИЕЛІНІҢ КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ЖАҢА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫН АШАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданы Еңбекші ауылдық округінде қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясын іске қосу рәсімі өтті. Рәсімге Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев және Қазыбек Иса, «ҚазАтомӨнеркәсіп» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбеков, «Хуадиянь Қазақстан Энерджи» компаниясы бас директорының орынбасары Лю Тченг, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы жұртшылықты жаңа станцияның ашылуымен құттық-тап, өңірде атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтті.

– «Президентіміз «Түркістан» газетінде жарияланған сұхбатында «Қазақ-стан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзге-ріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», – деген болатын. Биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды дамытудың ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарын айқындайтын жыл болатынын жеткізді.

Бүгінде облысымыздағы қарқын-ды жұмыстардың қуанышты сәтіне Өздеріңізбен бірге жетудеміз. Қытай-лық «Хуандиан» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылған «Тесис»

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҚСАРАДЫ?..

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде цифрландыру және жасанды интеллект саласын дамыту мәселесі, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы жауапты тұлғаларға цифрлық технологияларды дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған стратегиясы мен цифрлық картадағы тапсырмалардың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

– «Облыстық білім басқармасы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесіп, білім беру ұйымдарында жасанды интеллект стартаптарын құрып, балаларға арналған жасанды интеллект сыныптары мен қосымша секцияларды іске қосыңыздар.

Университет базасындағы Жасанды интеллект институтының жұмысын жетілдіру, тәжірибесін өңіріміздегі басқа да жоғары оқу орындары мен колледждерге, мектептерге енгізу бойынша жоспар әзірлеп, нақты ұсыныс енгізіңіздер. Студент жастарды цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту бағытындағы жұмыстарға барынша жұмылдыру керек», – деді аймақ басшысы.

Облыста 223 ауылдың 170-інде халық саны 250 адамнан асады. Қазіргі уақытта 140 ауылда талшықты-оптикалық байланыс желісі бар. Мобильді интернет 208 ауыл тұрғындарына қолжетімді, оның 135-і 4G, 66-сы 3G, 17-сі 2G желісімен қамтамасыз етілген.

Өткен жылы «Kyzylorda Hub» технопаркін дамытудың жол картасы әзірленіп, 176 іс-шара ұйымдастырылды, 56 жасанды интеллект ивенті мен 5 инкубациялық бағдарлама жүзеге асты.

Өңірде 8 IT-компания Astana Hub резиденті ретінде жұмыс істейді, ал 4 IT мектеп TechOrda бағдарламасы бойынша 66 маман даярлады. Жасанды интеллект бойынша 53 курс өтіп, 1 131 адам, «Жасанды интеллект негіздері» курсынан 11 532 адам онлайн білім алды. Инновациялық жобаларды дамыту үшін жыл сайын Smart City Kyzylorda Hackathon және Innofest Kyzylorda фестивалі өткізіледі.

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 40МВт-тық күн электр станциясы іске қосылады.

Қазіргі таңда аудан тұрғындары сағатына 15,5 МВт электр энергиясын тұтынады. Жаңа станция Шиелі ауда-

халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға жаңа серпін береді.

Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдың дамуы, келешегінің жарқын болуы Сіздерге, еңбекқорлықтарыңыз бен ауызбірлік-



нымен қатар облыстың басқа да қажеттіліктерін өтеп, электр энергия-сымен тұрақты қамтамасыз етеді. Жаңадан ірі өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жобаға 11 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік қолдау ретінде 80 гектар жер телімі берілген.

Одан бөлек, 6 млрд. теңгеге қуаттылығы 20 МВт-тық күн электр станциялары салында. Бұл жобалар

теріңізге байланысты. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!», – деді аймақ басшысы.

Жыында ауданың әлеуметтік-эко-номикалық дамуына үлес қосқан аза-маттар мен күн электр станциясын іске қосқан сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ОСАЛ ТОПТЫҢ МЫҚТЫ БАСПАНАСЫ

Шиелі кентінің «Шұғыла» мәлтек ауданында әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арнап салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы тұрғындарды қоныстоймен құттықтап, құрылыс саласындағы, әсіресе тұрғын үй құрылысын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

– «Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, іске қосылды.

Президентіміз тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмалар жүктегені белгілі. Оның ішінде халықты баспанамен қамту бағдарламалары тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешіп қана қоймай, құрылыс индустриясын да дамытып, аймағымыздың ажарын айшықтады, сәулетіне сан қосты.

Өткен жылдың желтоқсан айында 22 пәтерлік 11 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстаған болатынбыз. Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына тағы да жиналып, Шиелі кентінде 450 млн. теңгеге салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үй халық игілігіне берілуде. Бұл – мемлекетіміздің қолдауын сезінген отбасылар үшін ерекше қуаныш! Жаңа қоныс құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Кейінгі үш жылда алғаш рет барлық ауданда тұрғындар 1800-ге жуық жаңа пәтерге ие болды. Қызылордада заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз, он екі көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Шиелі ауданында 2023-2024 жылдары 3 млрд. 96 млн. теңге қаржыға салынған 228 пәтерлік 114 тұрғын үй ел игілігіне берілді.

БІЛІМ БӨЛІМІ "ҮЙЛІ" БОЛДЫ

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі жаңа мекенжайға көшкенін хабарлайды. 2026 жылдың 12 қаңтарынан бастап бөлім бұрынғы "Достық үй" ғимаратында өз жұмысын жалғастырады.

Қызылорда қаласы, Ыбырай Жақаев көшесі 24.



Кітапхана



Мұрат Бақтиярұлы Қызылорда облысының Шиелі ауданында 1958 жылы 17 маусымда туған. Мемлекет қайраткері, тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы, профессор. 1986 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетін үздік бітірді. Ұзақ жылдар бойы университетте оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет филиалының директоры, облыс әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. 1999–2003 жылдары Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды, 2011-2023 жылдары Парламент Сенатының депутаты, комитет төрағасы болды. Көптеген ғылыми, публицистикалық, танымдық мақалалар мен еңбектері жарық көрген. Баспа жүзінен "Аманат", "Құндылықнама", "Елдің жасын жоқтадық, Сырдың мұңын мұңдадық", "Менің дәуірім, менің сөзім", "Сенатордың жазбалары", "Парламентаризм: қалыптасуы мен дамуы" атты кітаптары шықты.

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

НАЗАРБАЕВ БИЛІКТЕН НЕГЕ КЕТТІ?

Қаңтар қақтығысының орын алуына ең әуелгіде газ бағасының жылдың басында аяқ астынан күтпеген жерден бір жақты шешіммен бірден шырқап шарықтап кетуі басты себепкерлік еткенімен оның артынша бүкіл елге кең қанатын жайған ірі қозғалысқ, ақыры жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуіне, сөз жоқ, республикадағы әлеу-меттік-экономикалық ахуалдың өте төмендігі, тұрмысжәне тұтынымзаттарыныңқымбатшылығы, халықтың аса басым көп бөлігінің зор кедейшілік жағдайында тұратыны, жұмыссыздықтың етене етек жайып бара жатқаны түпкі негіз болды. Бұған соның алдында екі жыл тоғыз ай бұрын алмастырылған жаңа президенттік команднаның жағдаятты жақсартуға оншалықты қарқынды қадам жасай алмай отырғаны да желеуді желбіретті. Ал мұның бөрінің астарында елде егемендік алғаннан бері қордаланып, жиналып қалған ең өзекті мәселелер және соларға қынжылған халықтың өкпесі мен реніші, ашуы мен ызасы, қыжылы мен наласы жатыр еді..

Сонымен, әлқисса тәуелсіз Қазақстандың сонау 1991 жылдан бері үзіліссіз басқарып келе жатқан Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылы наурыздың 19-ында теледидар арқылы бүкіл елге үндеу жариялап, келесі күннен өзінің қызметін бір уәжбен доғаратынын мәлімдеді. Сәйтіп, триумф пен трагедияға толы отыз жылдық дәуір дәуренінің дүркірі мен дігірі тәмамдалғанын тамам елге мағлұм етті. Алайда, бұл жерде біз аздап ілгері озыңқырап кетіп тұрмыз, әйтпесе «президенттікті тапсырды» делінгенімен, ол бұдан кейін Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы деген зор лауазым тізгінін қолына ұстап, өкілеттілігінің күші мен ел тіршілігіне көрсететін ықпалы жағынан іс жүзінде күшейе түскені болмаса, ештеңені жоғалта қоймады. Мұның жайына кейінірек тоқталамыз.

Әзірге Нұрсұлтан Назарбаевтың өз сөзінде «мемлекетіміз өміріндегі ең маңызды тарихи сәттерде» осылай «халқына үндеу жолдап» тұратынын еске сала отырып, бүгін тағы сондай мәселді мезеттің келіп жеткенін қозғағанына аялдайық. Ол «бүгінгі үндеуінің мәні зор» екенін атап өте келіп, «Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтату» жөнінде түпкі шешімге келгенін баяндады. Әлбетте, сол кезде оның өзі мойындағанындай бұл әсте «оңай шешім емес» болатын.

Мұнысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет басшысы мәртебесінде жариялаған ақырғы үндеуінің өн бойынан да сезіліп тұрды. «Кеңес империясы құлаған сәтте біздің саясатымыз бен экономикамыз құлдырап қалды», - деді ол өзінің егемендіктің елең-алаң бастау шағында тұғырдың ең шыңына шыққан шағын ойға салып. - Ел ішінде қобалжу мен түсініксіз жағдай орын алды. Ішкі жалпы өнім екі есе қысқарды, азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлардың тапшылығы айқын сезілді. Бір мезетте ірі зауыттардың бөрі тоқтады. Дүние төңкеріліп кеткендей көрінді. Бұл сынақ болатын. Біз одан сүрінбей өтіп, дамудың қазақстандық жолын салуға белсене кірісіп кеттік».

Елбасы бұдан әрі: «Біз қираған КСРО-ның орнында заманауи нарықтық экономикасы бар, табысты Қазақстан мемлекетін құрып, көп ұлтты және көп конфессиялы елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты қалыптастырдық,- деді бір сәт тәуелсіздігіміздің шежіресі беттерін парақтап тұрып. - Көп ғасырлық тарихымызда алғаш рет Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық тұрғыдан мойындалуын қамтамасыз еттік». Ол осылай дей келіп, ең жоғары биліктің сатысынан кеткенімен, өзі осындай «табысқа жеткізген» мемлекеттің басқару жүйесінен әлі де ұзай қоймайтынын сөзге айналдырды.

Анығында, Нұрсұлтан Назарбаев бұрынғы-сынша биліктегі «Нұр Отан» партиясының лидері және Конституциялық кеңестің мүшесі болып қала беретін болды. Оған бұған қоса, заңдарымызға сәйкес бекітілген еліміздің Тұңғыш Президенті және Ұлт көшбасшысы (Елбасы) мәртебесін еншілеген толымды тұлға ретінде оған Қауіпсіздік кеңесін өмір бойына басқару құқығы мезірет етілді. Егер

I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

аталмыш кеңестің түп тарихына үңілер болсақ, ол өзінің бастауын тәуелсіздіктен бұрынғы совет заманынан, 1991 жылдың жазынан алатынын айтар едік. Сол жылғы 21 тамыз күні ол КСРО құрамындағы Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылды. Құрылым 1993 жылғы 17 маусымда егемен Қазақстанның меншігіне өтті. Содан бері де 2017 жылға дейін ешбір қол тигізілмеген қалпы қозғалыссыз жатты.

«Өздеріңіз білесіздер, заңдарымызға сәйкес мен Тұңғыш Президент - Елбасы (Ұлт көшбас-шысы) мәртебесіне ие болдым, - деді тағы Нұр-сұлтан Әбішұлы ақтарылып. - Елеулі өкілеттігі бар Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде қызмет етемін. «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Конс-титудиялық кеңестің мүшесімін. Яғни өздеріңізбен бірге боламын. Алдағы уақытта да еліміздің, халқымыздың қамы - менің мүддем болып қала береді». Иә, бұл сөздердің астарына дұрыстап үңіле білген адам бұрынғы президенттің бұл арқылы «бұрын елге қалай қызмет етсем, бұдан кейін де сол қалпымда қызмет ете беремін» деп отырғанын анық аңғарған болар еді. Бйлаынша айтқанда «өзгерген ештеңе де жоқ» дегенді санаға сыналап сіңіргісі келгені сезіледі.

Саяси сарапшылар Нұрсұлтан Назарбаевтың отставкаға кету туралы мәлімдемесі ойламаған жерден жарияланғанымен, оқиғаныңөзі соншалық-ты бір күтпеген жағдай болмағанын растады.

Қазақстандық саясаттанушы Марат Шибұтов «Азаттық» радиосына берген сұхбатында айтқандай, Елбасының жоғары лауазымнан қалай кететіндігінің түрлі нұсқалары алдын ала талай рет қарастырылған. «Қай уақытта да жұрт болжай алмайтын неғайбыл саясатымен ерекшеленіп кеткен Президент ақырында бір таңдауға тоқтап Қауіпсіздік кеңесіне егелік ететін нұсқаны қалап алды», - деген қорытынды жасайды саясаттанушы.

Ресейдің Орталық Азия елдері жөніндегі сарапшысы Аркадий Дубнов Елбасы «билікті ауыстырудың ұғымды сценарийін дайындады, соның арқасында ол Президент қызметінен кеткенімен, өкілеттігі өте жоғары Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып қала береді» деген тұжырымға ұйыды. Сол бойда: «Назарбаев - аса қабілетті, парасатты мемлекет қайраткері, ол өз позициясын, отбасы позициясын сақтай отырып, өзі қалыптастыра алатын, ұйымдастыра алатын, Қауіпсіздік кеңесі төрағасының конституциялық өкілеттіктері рұқсат ететін әлдеқандай нұсқаулар бере алатын басшылық форматының құрылуын қамтамасыз етуді қалайды. Жалпы, бұл - революция емес, сілкініс емес, бұл - оның өзіне әлдеқандай бір құрметке ие болу үшін жасаған саналы қадамы», - деп ойын тиянақтайды ол.

Сарапшылардың бірқатары Нүрекеннің билікті ерікті түрде беріп, өзінің амбициясын толығымен қанағаттандыратын лауазымға егелік етіп алғанын бір кездері зейнет демалысына кеткенінде, өзінің оңтайлы орнын тауып алған Қытай лидері Дэн Сяопинге ұқсатып бақты. Мысалы, Ресей Басыңқы өңірлік жобалар институтының бас директоры Николай Миронов бұдан бір қарағанда, көлеңкеде қалып қойған секілді болып көрінгенімен, өзінің ел саясатындағы тегеурінін сол қалпы сақтай білген, тақ мұрагерлерінің кімге тиесілі болуға тиісті екенін анықтауда ақырғы шешуші рөлді атқарған «Қытай экономикасы атасының» өрекетін көргендей кейіп танытты.

Осы тұста «Ведомости» басылымының сұрауы-на жауап берген ресейлік басқа саясаттанушылар мен сарапшылардың барлығы Назарбаевтың таңдап алған жолы Қытайда 80-ші жылдардың ортасында Дэн Сяопин қолданған бағытты еске түсіретінін жарыса жазысты.

«Назарбаев президент орынтағын тастап барады. Бірақ ұлттың көшбасшысы тұғырынан кетпейді, ол бағзылық кескініндегі «елбасы» болып тұрмақ. Ең бастысы, жақын аралықта

өкілеттілігі президенттің әлеуетінен де асып түсетіні заң жүзінде бекітілген Қазақстанның Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы деген құдыретті лауазымын сақтайды, - дейді Аркадий Дубнов. - Сондықтан оны Қытайдағы Дэн Сяопинмен салыстырудың салдары дұрыс. Демек, Назарбаев Қазақ-станның жоғарғы демиургі, төрешісі, жаратушысы және ұстап тұрушы тұл-ғасы болып қала береді. Ол қабілеті бар кезіне дейін және тірі тұрғанынша елдегі саяси үдерісті өзінің бақылауында ұстайтын болады». «Назарбаев бәрін айтарлықтай ақылмен істеп отыр, - деді саясаттанушы бұдан әрі. - Ол мұны өзі кеткеннен кейін болуы кәдік кез келген кедергінің алдын алу үшін жасады. Ал мұндай тәуекелдер қай кезде де кезігіп қалады. Мына сценарий өте ұғынықты. Бұл оның өз адамдарының мүддесі мен өз бағытын сақтап қалуына толық мүмкіндік береді. Назарбаев Қазақстанды халықаралық құқық субъектісіне айналдырды. Енді ол өзінің мұрасын қорғап тұра алады». Біздіңше, бұл байламдардың байыбы да шындықтың шырайынан тым ұзап кете қоймайды. Мұндағылардың көбі осыны айғақтайтынына қазіргі кезде өзіміз де көз жеткізіп келеміз.

маңызды сыртқы саяси және мемлекеттік мәні бар өзге де бастамаларды бағалайды, ал ең бір қызғылықты жері, ол «орталық пен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының сондай-ақ Қазақстан Республикасының Прези-дентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшы лауа-зымдарына тағайындауға ұсынылатын кандида-тураларды» талқылаудан өткізе алады. Демек төраға келісім бермесе, Мемлекет басшысы ұсы-нылып отырған кадрды белгіленген қызметке тағайындай алмайды. Осы призманың тұрғысынан қарағанда, Қауіпсіздік кеңесі төрағасының құзыреті Президенттің өкілеттілігінен де асып түсетінін, тіпті оның аяқ-қолын байлап тастайтындай қауқары болатынын байқаймыз.

Жасыратыны жоқ, тәуелсіз Қазақстанмен біте-қайнасып кеткендей кейіпте болған көрнекті қайраткердің күтпеген жерден бола салғандай көрінген қызметтен кету операциясы алғашында қоғамда екіұдай сезім тудырғаны рас. Мұны «осылай болуы керек еді» деп қолдарын ысқылап, куана қабылдағандар да аз болмады, үйренісіп қалған адамның кететініне мұңайғандар да кездесті, сонымен бірге екі жақтың біріне қосыла кетпей, өздерін бейтарап ұстаған кісілердің шо-ғыры да бір қауым еді. Дегенмен уақыт өте келе көзқарастары «отыз жылдық өтілі бар көшбас-шымен» қош айтысудың жөн болғанына қарай ауа бастағандардың қатары біртіндеп көбейе берді.

Арада тура сегіз айға жуық уақыт өткеннен кейін Нұрсұлтан Назарбаев «қалың елі, қазағы, қайран жұрты» - қарапайым халық кезінде өзінің тұғырдан кеткеніне «қамығып қалған еді» деген сыңайда бір сөз шығарып, біраз әуейі әңгімеге от қойып алды. Бұл оның ел жұртшылығының өзіне деген пікірін тек айналасында жүрген көнерлері мен жақтастарының жарамсақтықпен асыра сілтеп жеткізулері арқылы ғана білетінін, ал соңғы кездердегі шынайы өмір тынысынан мүлде хабарсыз қалғанын анық аңғартты. Әйтпесе, тап сол кезде де, одан кейін боса-болмаса, бұрынғы президенттің биліктің биік тағынан «ертерек» түсіп кеткеніне өзек қараардай өкініш білдіріп, қапа болып жүрген жабырқау жандарды пәлендей байырқалап бағамдай алмадық.

Біздің бұған келіп қып келтірер тағы бір үжіміз: Қаңтар оқиғасының бірінші бөлімі аз бен басқа да тұрмыстық-тұтыным заттарының шамадан тыс қымбаттап бара жатқанына, жалақы мөлшерінің тым аздығына наразылық білдіруге арналса, бұған саяси талаптар қойылатын келесі бөлімі барлық аймақта дерлік негізінен ауызша да, жазбаша да берілген «Шал, кет!» деген лозунгінің аясында өтті. Бұл, әрине, елді егемендік алған кезінен бұрын-ақ басқаруды қолға алған, сол тізгінді отыз жыл бойы ұсыынан шығармай ұстап келген, соңында биліктен өз еркімен саналы түрде кеткен, бірақ оның қуатты функцияларының бір бөлігіне бәрібір еңдей егелік етіп қалған ақсақал жасындағы атпал азаматтың ар-намысы, бет-беделі мен амбициясы үшін өте ауыр, қатты, жойқын, сұрапыл соққы еді.

Алайда бұрынғы президенттің өзі атап өтіп отырғандай, 2019 жылдың наурыз айында ол биік лауазымынан ақиқатында өз еркімен кетті ме, әлде бұған оны әлдекімдер немесе әлденелер мәжбүрледі ме деген сұрақ қоғамның қауызында әлі күнге дейін бүлк-бүлк қайнап келе жатыр. Не айтатыны бар, бұл сауалдың екінші тармағының ықпалы болғанына сенімді саясатшылар да бар-шылық. Мәселен солардың бірі – Орталық Азия-дағы демократиялық даму қорының басшысы, саясаттанушы Толғанай Үмбетәлиева Nege.kz порталына берген сұхбатында: «Бұл ең бірінші экс-президенттің әулетіне ауыр тиді. Сырттай қарағанда, Назарбаев биліктен өз еркімен кеткен-дей көрінгенімен, 2022 жылдың қаңтарында бол-ған жағдайға байқалап қарасақ, оның өзі де, отбасы да мұндай өзгеріске дайын болмағанын байқаймыз» деген болжам білдірді.

Біздіңше, бұл пайымның жаны бар сияқты. Президенттің лауазым тағын босатып беретіні жайлы хабары оның әулеті ғана емес, сонымен бірге әріптес шәкірттері үшін де бұлтсыз күнгі най-зағайдай әсер еткен тосын бір жағымсыз жаңалық болғанға ұқсайды. Мұны «Хабар» мемлекеттік телеарнасының Нұрсұлтан Назарбаев туралы түсіріп, 2019 жылы 6 шілдеде экранға шығарған «Искусство быть Лидером» атты деректі фильмін-де Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сол кездегі басшысы Кәрім Мәсімов анық айтады. Ол лентада шефінің отставкаға кету жөнінде шешімге келгенін екеуі содан бірер күн бұрын кездескен кездерінде мәлімдегенін баяндайды. «Нұрсұлтан Әбішұлы менімен болған әңгіме кезінде бір құпияның шетін шығарды. Ол өз орнынан түсетінін, ары қарай Конституция бойынша жүретінімізді жеткізді», - дейді Мәсімов фильмде. Бірақ шенді келнеуінік сол мезетте бұл ұйғарыммен келісікі шегмегенін жасырмайды. «Мен әзірге оның президенттік қыз-меттен кететін уақыты келмеді деп есептедім. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлына: «Мұның қан-шалықты қажеттілігі бар, бәлкі, асығыстық таныт-пауыңыз керек шығар? Билігіңіздің мерзімі 2020 жылы ғана бітеді ғой» деген кеңес бердім», - дейді ол. Бұған Назарбаев «бір күн кешігіп қал-ғанынан бір күн бұрын кеткен жаксы» деген еділ жауап қайтарады, бұл жауапқа заматында ұйған Мәсімов сосын басшысының дұрыс істеп тұр-ғанына кәміл сеніп, осыған тоқтағанын сөз етеді. «Сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы «Мен осы шешімді қабылдадым. Сен уақыт өте мұны тура екеніне көз жеткізетін боласың. Барлығы өз уақытыңда болуы керек» деп тіл қатты. Алдағы өмір шынымен оның оң шешім қабылдағанын айғақтайды деп ойлаймын» - деп сөзін қорытындылайды Кәрім соңынан.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

МЕРЗІМІ ӨТКЕН БЕРЕШЕКТІ ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамаға сәйкес қарыз алушы-лардың банктермен, микроқаржы ұйым-дарымен (МҚҰ) және коллекторлық агенттіктермен бірыңғай өзара іс-қимыл тетігінің белгіленгенін еске салады.

- Қарыз талаптарын қалай өзгертуге болады?

- Қаржылық қиындықтар туындаған жағдайда қарыз алушының міндеттемелерді орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен өз кредиторына (банк, МҚҰ немесе коллекторлық агенттік) жүгінуге құқығы бар.

Қаржылық жағдайдың нашарлағанын немесе мерзімді кешіктірудің себептерін растайтын құжаттарды өтінішке қоса беру қажет. Бұл жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама, жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы, жалақы сақтал-майтын демалыс беру туралы актісі немесе жақын туыстарының, қарыз алушының жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама, қарыз алушыға жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде материалдық залал келтірілгенін растайтын құжаттар, мүгедектік туралы анықтама, сот актілері және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын құжаттар болуы мүмкін. Қажетті құжаттардың толық тізбесі Агенттіктің сайтында қолжетімді.

Өтініш кредитордың мекенжайы бойын-ша жеке, сондай-ақ егер бұл шартта көз-делген болса, мобильді қосымша немесе электрондық пошта арқылы берілуі мүмкін. Кредитор күнтізбелік 15 күн ішінде жол-данымды қарайды және шешім қабылдай-ды.

- Кредитордың шешімі ойыңыздан шықпаса, қайта жүгінуге керек?
- Егер кредитор қабылдаған шешім қарыз алушының ойынан шықпаса, онда банк не микроқаржы омбудсманына жүгінуге болады.

Банктердегі қарыздар бойынша – bank-ombudsman.kz сайты арқылы.

Жолданымға:

- шарт пен төлемдер кестесін;
- банкке немесе коллекторлық агенттікке жүгінудің дәлелі мен олардың жауабын;
- қаржылық қиындықтарды растайтын құжаттарды қоса беру қажет.

МҚҰ қарыздары

бойынша – mfbombudsman.kz сайты арқылы.

Жолданымға:

- өтінішті және сауалнаманы;
- микроқарыз шартын және өтеу кестесін;
- МҚҰ-ға жүгіну дәлелін және олардың жауабын;
- қаржылық жағдайының нашарлағанын растау құжаттарын қоса беру қажет.

Омбудсмандардың қызметі тегін. Олардың шешімдері орындалуға міндетті. Омбудсмандар қарыз алушы мен кредитор үшін өзара қолайлы шешімді табуға көмектеседі. Бұл ретте:

БАНК КРЕДИТ ҚАРЫЗЫН КЕШІРМЕЙДІ

Әлеуметтік желілерде таралып жатқан екінші деңгейлі банктердегі кредиттердің есептен шығарыла-тыны туралы ақпарат шындыққа сәйкес келмейді.

Жалған ақпаратқа сенбеулеріңіз-ді, тек ресми ақпарат көздерін пайда-лануларыңызды сұраймыз, сондай-ақ өртүрлі делдалдардың көмегіне жүгінбеуге кеңес береміз.

Еске саламыз, Қазақстан Респуб-ликасының заңнамасында жалған ақпарат таратқандарға жауапкер-шілік көзделген.

Қазіргі таңда елде қарыз алу-шылардың банктермен, микроқаржы ұйымдарымен (МҚҰ) және коллек-торлық агенттіктермен өзара іс-қи-мыл жасауының бірыңғай тетігі қолданыста.

омбудсманға өтінішті тек кредиторға ресми жүгінуден кейін және жауапты алғаннан кейін беруге болатынын есте ұстаған маңызды.

- Жеке тұлғалардың банкроттығы рәсімі қалай жүргізіледі?

- Егер қарыз алушының борышты өтеуге мүмкіндігі болмаса, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңда жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттық рәсімі көзделген, ол мынадай шарттар кезінде берешекті есептен шығаруға мүмкіндік береді:

- борыш сомасы 1600 АЕК-тан аспаса;
- сатуға болатын мүлік жоқ (бірлескен меншіктегі үлесті қоса алғанда);
- 12 ай қатарынан қарыз бойынша төлемдер жоқ;
- соңғы 7 жылда банкроттық рәсімінен өтпеген;
- қарызды қайта құрылымдау жүргізілген болса.

Мүлкі, сондай-ақ АЕК мөлшерінің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндетте-мелері болған жағдайда, азамат төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қолдану жөніндегі сотқа өтініш беруге құқылы.

Рәсім тегін және eGov.kz порталы немесе ХҚКО арқылы беріледі. Банкроттықтың салдары бар екенін есте ұстаған жөн:

- процедура аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде қарыз алушы жаңа кредиттер мен микрокредиттер ала алмайды;
- рәсім аяқталғаннан кейін 3 жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады;
- қайта банкроттық тек 7 жылдан кейін мүмкін болады.

Банкроттық рәсімі қарыз алушыларға заң тәртібімен берешекпен туындаған мәселелерді шешуге және өз борыш міндеттемелерін толығымен тоқтатуға мүмкіндік береді, алайда ол басталмас бұрын мынадай барлық салдарды бағалау керек.

КРЕДИТТІ РЕСІМДЕУ АЛДЫНДА НЕНІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ?

Кредитті ресімдеу алдында қарапайым қадамдар жасау маңызды: қаржылық мүмкіндіктеріңізді шынайы бағалау, кредит беру шарттарын егжей-тегжейлі зерделеу және құжаттарды мұқият оқып шығу. Төменде мұны қалай жасау керектігі туралы толық нұсқаулық берілген.

Қажеттілікті анықтаңыз!

Кредитті ресімдеу алдында өзіңізге сұрақ қойыңыз: мен шынымен кредитсіз жасай алмаймын ба? Кредит – бұл қаржы-лық көмек қана емес, сонымен қатар белгіленген мерзімде орындалуы керек қаржылық міндеттеме екенін есте сақтау маңызды.

Кредиттік жүктемені есептеңіз!

Қарыз алуды шешпес бұрын, өзіңіздің кірістеріңіздің қанша бөлігін кредиттер алып жатқанын анықтаңыз. Бұл көрсеткіш борыш жүктемесінің коэффициенті (БЖК) деп аталады – кредиттер бойынша барлық ай сайынғы төлемдердің жиынтық айлық кіріске қатынасы.

БЖК-ны келесі формуламен есептеуге болады:

БЖК = (Қарыздар бойынша барлық ай сайынғы төлемдердің сомасы / Айлық кіріс) × 100%

Қазақстанда заңнамалық шектеулер белгіленді: кредит алу үшін қарыз алушының БЖК-сы 50%-дан аспауы керек. Бұл кірістің жартысы күнделікті шығыстарға (азық-түлік, тұрғын үй, көлік және күтпеген шығындар) қалуы керек дегенді білдіреді. Қарыз бойынша ай сайынғы төлемді банк сайттарындағы калькуляторлардың көмегімен өз бетінше тексеруге болады.

Әр түрлі банктердегі шарттарды салыстырыңыз!

Кредитті таңдамас бұрын жылдық тиімді сыйақы мөлшер-лемесін (ЖТСМ) салыстырыңыз, себебі ол комиссиялар мен сақтандыруды ескере отырып, кредиттің толық құнын көрсетеді және қарыз бойынша ай сайынғы төлемді нақтылайды. Бірнеше банктің ұсыныстарын тексеріңіз: пайыздық мөлшерлемелердегі айырмашылық айтарлықтай болуы мүмкін.

Өзіңіздің кредиттік тарихыңызды тексеріңіз!

Кредитті ресімдеу алдындағы тағы бір маңызды қадам – кредиттік тарихты тексеру. Кредиттік тарихыңыз жақсы еке-ніне көз жеткізіңіз. Кез-келген төлем мерзімін кешіктіру,тіпті бұрынғы болса да, банктің кредит беру туралы шешіміне әсер етуі мүмкін.

Кредиттік тарих туралы есепті eGov.kz мемлекеттік қызметтер порталынан немесе Бірінші кредиттік бюро-ның сайтынан алуға болады. Егер есепте қателер немесе өтелген ескі қарыздарды тапсаңыз – түзетуге сұрау салу жіберіңіз. Жақсы кредиттік тарихтан тек мақұлдау ғана емес, сол сияқты кредиттің шарттары да байланысты болуы мүмкін.

КӨЛІК САЛЫҒЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

2026 жылдан бастап көлік жүргізушілеріне салық төлеу жағынан бірқатар жеңілдіктер беріледі. Алдымен ескі көлік-тердің салығы төмендетіледі. Мәселен шығарылғанына 10 жыл мен 20 жыл арасындағы көліктерге 30 проценттік жеңілдік; 20 жылдан асқан көліктерге 50 проценттік жеңілдік бар.

Сондай-ақ қозғалтқыш көлемі үлкен джиптердің салығы төмендетіледі. Қозғалтқышы 3000-4000 текше сантиметр-ден асатын көліктерге 64 875 теңге; қозғалтқышы 4000 текше сантиметрден асатын көліктерге 506 025 теңге. Осы деңгейден асатын әрбір текше метр үшін тағы 7 теңге қосы-лып салық салынады.

Көліктің шығарылған жылына қарай тағы жеңілдік бар. Көлік шыққанына 20 жылдан асқан жағдайда 50 проценттік жеңілдікпен 32 437 теңге төленеді.

Ал шаруалар немесе фермер қожалықтары бір пикап автомобиль үшін көлік салығынан босатылады.

– Қымбат көліктердің салығы қандай?

– Салық кодексі бойынша бағасы 77,8 млн теңгеден асатын көліктерге 10 проценттік акциз енгізіледі. Оны алғашқы тіркеу кезінде және қайта сатқан жағдайда төлеу керек. Қымбат көліктердің бағасы сатып алу-сату шарты және иновой негізінде есептеледі.

Қымбат көліктердің шекті бағасы айлық есептік көрсет-кішпен анықталады. Ал АЕК жыл сайын көтеріліп тұрады. Демек, қымбат көліктердің шекті бағасы да өседі.

– Көлік салығы қашан төленеді?

– Салықтық есептілік нысандарының санын қысқарту мақсатында көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебін ұсыну міндеті алынып тасталды. 2026 жылдан бастап салық төлеуші тек жылдық декларацияны ғана тапсыратын болады және тиісінше салықты жыл қорытындысы бойынша бір рет төлейтін болады.

Көліксалығыжылдыңқорытындысыбойынша төленетінін ескере отырып, төмендетілген коэффициенттерді қолдана отырып есептелген салық сомасы 2026 жыл үшін 2027 жылы есептелетін болады.

Биыл көлік салығы бұрынғыдай төленеді. Ал келесі жылы барлық жеңілдік мен акциз қолданылады.

– Мүліктік табысты айқындау мерзімі өзгерді ме?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жылжымайтын мүлікті сату кезінде мүліктік табыс бойынша меншік ету мерзімі екі жылға дейін ұзартылды. Яғни, үйді сатқанда табыс салығын төлемеу үшін екі жыл күту керек. Ал одан бұрын сатылса, 10 проценттік салықты төлеуге тура келеді.

1 қаңтарға дейін сатып алынған және аталған күннен кейін өткізілген мүлікке қатысты бұрын қолданылған меншік ету мерзімі бір жыл болып сақталады.

Мүліктік табыс алған жеке тұлғалар кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) 15 қыркүйегінен кешіктірмей тапсыруға, ал табыс салығын 25 қыркүйекке дейін төлеуге міндетті.

– Байлардың салығы көбейді ме?

– Мүлік салығын мемлекеттік органдар есептейді. Биылдан бастап жылжымайтын мүліктің жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын болса, қалған соммадан тағы 2 процент ұсталады. Мәселен, адамда алты пәтер бар. Олардың жалпы құны 600 млн. теңге дейік. Ондайда 450 млн. теңгеден кейін 150 млн. теңгеге тағы 2 процент салық салынады. Ал базалық ставка жылына 3 миллион теңге болады.

Сондай-ақ, қымбат алкогольдік сусындар мен сигара-ларға 10 проценттік акциздер болады.

Сондай-ақ дивидендтер түріндегі кірістер үшін 1 млрд. теңгеге жуық, одан асқан сомаға - 15%; бейрезидентке – жеке тұлғалардың табыстары бойынша 8500 АЕК-ке дейін – 10%, 8500 АЕК-тен асқан сомадан 15% салық төленеді.

КӨЛІК НӨМІРІНІҢ ИЕСІНЕ ӘСЕРІ БАР МА?

Нумеролог Сәуле Жолдасбаева:

– 2026 жыл ерекше кезең. Бұл жай ғана жаңа жыл емес, жаңа онжылдықтың бастауы.

2026 жылды нумерологияда былай есептейміз: 2+0+2+6 = 10. Ал 10 саны кармалық нумерологияда сәттілік, мүмкіндік пен қозғалыс энергиясын білдіреді. Бұл жол ашылатын кезең. 2026 жыл – соңғы 10 жылда қайталанған өмірлік сабақтардың аяқталып, жаңа кезеңге өту уақыты.

Көлік нөмірін таңдағанда да сандардың мәніне назар аударуға болады. Атап айтқанда цифрларының қосындысы 10-ға тең болатын нөмірлер жайлы болады. Мысалы: 010, 055, 505, 550, 028, 208, 280, 037, 307, 370 және осыған ұқсас сандар.

Кейбір танымал нөмірлердің мағынасына келетін болсақ: 666 – қосындысы 18-ге тең. Ол – Айдың, сиқырдың және мистикалық, эзотерикалық ритуалдардың, қорқынышпен жұмыс істеудің энергиясы.

777 – қосындысы 21. Ол әлем, Жаратушы, кеңістік, саяхат пен көшуге байланысты энергияны білдіреді.

888 – цифрларының қосындысы 24, яғни 2+4=6. Бұл махаббат энергиясына толы, өзін және өз ісін сүюді білдіреді.

Сондай-ақ сандар қосындысы 8, 13, 15 немесе 16 болатын нөмірлерді таңдамаған дұрыс. Бұл сандар көлік иесінен тек машинаға қатысты емес, өмірге де маңызды әрі күрделі шешімдер қабылдауды талап ететін жағдайларға сеп болады. Сандарға сенуге де болады, сенбегуге де болады. Бірақ байқап көруге ешкім тыйым салмайды. Мысалы, 010 нөмірімен жүрген жүргізушілер көлігінің жарамай қыу бекетіне жеткенше шыдағанын, керек кезде оталғанын немесе айыппұлға түспегенін байқаған.

Ең бастысы – тым шектен шығып кетпеу және құнсыздандырмау.

ТҰРМЫСҚА ШЫҚҚАН ҚЫЗ КҮЙЕУІНІҢ ТЕГІНЕ ӨТУІ КЕРЕК ПЕ?

Қазақстан мұсылмандары діни басқар-масының Шариғат және пәтуа бөлімінің хабарлауынша тұрмысқа шыққан әйел өз әкесінің атымен аталуы тиіс. Оны өзгерту – харам. Ал күйеуінің тегіне ауысуының оқасы жоқ, бірақ міндетті емес. Күйеуі де оны өз тегін алуға мәжбүрлеуі дұрыс емес.

Басқарма ғұламалары мұны Құран кітабындағы «Асыранды балаларынды

өз әкелерінің атымен атаңдар. Алланың құзырында ең дұрысы сол» деген аятпен түсіндірген.

Осы аятты алға тартып кейбір ғалымдар тұрмысқа шыққан қызға күйеуінің тегіне өтуге тыйым салады. Ал кейбір ғалымдар әйелдің күйеуінің фамилиясына өту ғұрыпта қабыптасқан әрі елге таныту мақсаты болса оқасы жоқ дейді.

ТАТУАЖ САЛДЫРҒАН АДАМНЫҢ НАМАЗЫ ҚАБЫЛ БОЛА МА?

Татуаж дәрет пен намазға кедергі емес, дегенмен ислам дінінде оны денеге салу үлкен күнә болып есептеледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ғұламалар кеңесі татуажға қатысты жаңа

пәтуа жария етіпті.

Ғұламалар кеңесінің түсіндіруінше, татуировка – тері астына бояуыштарды ендіру жолымен салынатын адам денесіндегі сурет. Оған шариғат рұқсат етпейді, ол – үлкен күнә.

Денеге татуировка

салу – харам, үлкен күнә.

Тәубе етіп, мүмкіндік болса, оны кетіруі керек. Татуировканы кетіру денсаулыққа зиян болса, оны қалдырудың оқасы жоқ. Ол дәретке, намазға және имамдыққа кедергі болмайды – дейді ҚМДБ Ғұламалар кеңесі.

15.1.2026 жыл

нөмір жоқ» деген жазу шығады.

Кез келген әріп пен цифрдан тұратын қарапайым нөмірдің бағасы 43 250 теңге, немесе 64 875 теңге тұрады.

VIP және сұранысы жоғары нөмірлер бойынша:

010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 – 246 525 теңге;

Осы цифр комбинацияларын бірдей әріптермен алатын болса – 493 050 теңге;

111, 222, 333, 444, 555, 666, 777, 888, 999 нөмірлерін алу үшін – 592 525 теңгеден – 1 232 625 теңгеге дейін төлеу қажет.

Нөмірдің бағасын алдын ала білу үшін Қоліқ қосымшасын жүктеп, «2026 нөмір бағасы» деген жерге нөмірді енгізу қажет.

Қалаған нөмірді алдын ала таңдап, бос екенін тексеріп, Қоліқ қосымшасынан бағасын біліп алғаннан кейін АвтоХҚО-ға бару қажет. Барар алдында ХҚО қосымшасы арқылы кезек брондап қойған жөн.

Нөмірді сол күні алып кету мүмкін емес. Тапсырыс берілген соң, дайын болғанын күту керек

Қазір көлік нөмірінің бос немесе бос емес екенін тексеру, бағасын көру және онлайн тапсырыс беру қызметтері бір платформаға біріктірілмеген. Алайда, бұл мүмкіндік жақын күндері eGov mobile қосымшасында іске қосылады деп жоспарланып отыр.

ШАРИҒАТ ДИПФЕЙККЕ РҰХСАТ БЕРЕДІ МЕ?

Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының Ғұламалар кеңесі дипфейкке қатысты өз пәтуасын шығарыпты. Дипфейк – жасанды интеллектті қолдану арқылы жалған бейнежазбалар жасау технологиясы.

Ғұламалар кеңесінің хабарлауынша, Ислам діні ғылым мен технологияның дамуына, жаңалық ашуға тыйым салмай-ды. Алайда бұл даму адамзат игілігіне, әділеттілікке, адамгер-шілікке негізделіп, шариғаттың аясында жүзеге асуы тиіс. Сондықтан кез келген технология игі мақсатта қолданылса – рұқсат, ал жамандыққа, зиянды мақсатта қолданылса тыйым салынады.

Deepfake технологиясы арқылы адамның шын мәнінде айтпаған сөздерін айтқандай немесе істемеген іс-әрекеттерін істегендей етіп жасау, жалған ақпарат тарату, шариғат бойынша қатаң тыйым салынады. Мұндай жалған ақпарат тарату ел тыныштығын бұзып, қоғам ішінде іріткі тудырады. Алдын алмаса, салдары елдің ынтымақ-бірлігіне сызат түсіріп, қоғамға залалын тигізеді. Ал ислам діні адам өмірінің қауіпсіздігін ең маңызды мақсаттарының бірі ретінде қарастырады. Тіпті қалжың түріндегі корқытуға да шариғатта қатаң тыйым салынған.

Ғұламалар кеңесінің қорытынды шешімі бойынша Дипфейк технологиясы арқылы адамның шын мәнінде айтпаған сөздерін айтқандай немесе істемеген іс-әрекеттерін істегендей етіп жалған ақпарат таратуға, адамдарды алдауға шариғатта тыйым салынады.



ПРОБЛЕМАЛАРДАН ГӨРІ ТҮТКІНДІГІ МОЛ ЖЫЛ...

Көріпкелге, құмалақшыға баратынымызды несің жасырамыз. Сол сияқты жұлдызнамаға да көп қарайтынымыз рас. Қанша дегенменен маңызды шешімдер қабылдар алдында ойланасың, толғанасың, басталмақ істің соңы қалай болар деп сұрағыңа жауап таппайсың. Сондайда амал жоқ, жұлдыздардан үміт етесің...

Астрология бойынша 2026-шы жыл барлық жұлдыз белгілері үшін сәтті болғалы тұр. Ең бастысы бұл жылда әралуан қиындықтардан, кедергілерден, сондай-ақ проблемалардан гөрі әрбір жанның жолын ашатын, әрбір істің сәтін салатын мүмкіндіктер көп. Жұлдыздар жерге көп энергия жіберіп тұрғанға ұқсайды. Содан да өзгерістер мен батыл шешімдерден қорықпау керек. Быылғы жыл қызыл түсті от жалынды жылқы жылы десек бұл жылда махаббат әлемінде де, қызмет бабында да, басқа да өмірлік ұстанымдарда өзгеріс көп. Жыл соңына дейін шаршап қалмас үшін денсаулықты күту керек. Ал денсаулықты қайткенде жақсартуға болады дегенде тағы да жұлдызнамаға қараймыз.



Тоқты. Бұл жылы Тоқтылардың барлығының қуаты артып тұр. Тек сол қуатты ретімен жұмсай білу керек. Белсенді іс-қимылға қолайлы кезең. Ер Тоқтылар көп іске тәуекел ете бермегені дұрыс. Тез шаршайды. Барлығын бірден бірдей үлгіремін деу де қате. Күшті нығайтуға жаттығулардан бөлек, денені босаңсытатын массаж да керек.


Әйел Тоқтыларға иога мен бидің пайдасы мол. Бұлардың сыртық дене үйлесіміне ғана емес, ішкі үйлесімі де пайдасы мол. Ер Тоқты да, әйел Тоқты да бұл жылы буындарға бекем болғаны жөн. Яғни денені қыздырып алмайынша салмақ салуға болмайды. Буындар гимнастикасының артықшылығы бар. Оның әншейін қол боста ғана айналысып қана қоймай, тұрақты айналысса дене қуаты молаяды.



Торпақ. Торпақтарға бұл жылы күйіп-пісіп, стресске түсуге болмайды. Бірыңғай дұрыс тамақтануға көшкені жөн. Стресс пен тамақтану бір-біріне байланысты. Өйткені тамақтан уланған жағдайда көңіл қобалжымауы мүмкін емес. Бір ғана көңіл қобалжу стресс болса бір жөн, бүйрек пен асқазан ауруының оңай болмайтыны белгілі.

Ер Торпақтарға әсіресе жұмыс бабымен 24/7 уақыт бойы байланыста болатындар үшін ақпараттық арылу уақыттарын белгілеуге кеңес беріледі. Қаладан тыс жерге, табиғатқа шығып, қолға гаджет алмай демалып тұрғанның денсаулыққа пайдасы мол. Эмоционалды жүктемелер соңы қауіпті ауруларға әкеледі.

Әйел Тоқтылар өз-өзін күтіп, үйде жақсы көңіл күй, жағдай қалыптастырып, анау-мынау аурудан айыға алады.



Егіздер. Ер Егіздер аурудың үлкен-кішісіне қарамай, тұрақты түрде дәрігерлік тексеруден өтіп тұруы керек. Қыста, жазда және күзде созылмалы аурулар сыр береді.

Әйел Егіздер бәрі әйелдің қолынан келеді, әйел бәріне жауап береді

деген ұрандарды кейінге қоя тұрғаны дұрыс. Өз-өзіне құрметпен қарайтын кезі келді. Күн тәртібін бұлжытпай орындаған дұрыс. Негізі Егіздер екі түрлі белгі. Кейде сезімге беріліп, барлығына қолын бір-ақ сілтейді. Кейде бәрін бір өзі арқалайды. Негізі бәріне қолын бір сілтеген дұрыс. Өйткені жүйке аурулары сыр беруі мүмкін.



Шаян. Шаяндар үшін мамыр, маусым және қазан айлары өте қолайлы кезеңдер. Бұл уақыттары олардың күш қуаты артады. Бұл қалған уақытта жұрттың соңынан ілбіп, өлместің күнін кешіп жүреді деген сөз

КІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЫҚТЫ?

Тоқты, Шаян, Таразы және Тауешкілер жылдың бас жағында қатты шаршамауы керек. Дененің бас бөлігін, мойынды, буындарды, омыртқаны сақтай білген жөн. Бұл жылы Тоқтылар өміріндегі маңызды өзгерістер денеге, көңіл-күйге салмақ түсіреді. Ағза режимді, тыныштықты қалайды. Денені нығайтып, қайта қалпына келтіру шараларымен айналысқан дұрыс.

Егіздер мен Балықтар өмірлеріндегі өзгеріске бейтарап қарай алмайды, әсіресе сәуір айында. Жүйке жүйесін, тыныс орындарын, көзді, мойын, иық зоналарына абай болу керек. Белгілі бір уақыттарда пауза жасаған дұрыс. Мезгілімен ұйықтаған жөн. Магний көмегі бар.

Арыстандар мен Сүқұйғыштар жүрекке, арқаға, гармональды фонға мән бергені жөн. Амбиция мен өзіне қамқорлық арасында үйлесім батуы тиіс, әсіресе матыздың 12-сі мен 28-і арасында.

Торпақтар мен Сарышаяндар тамақтану мен стресске абай болғаны жөн. Тамыз айында қан қысымы мен жоғары эмоциональды сезімталдық байқалады. Бүйрек, ішек, асқазан жолдары әлсіз болады. Суды көбірек ішіп, мезгілімен тамақтанған дұрыс.

Мергендер мен Бикештер ақпан-наурыз арасында көктемгі өзгерістерге дайын болғаны жөн. Әдеттегі өмір сүру дағдысында болған өзгерістер күш-қуаты мен ас қорытуға әсер береді. Диеталармен сынақ жасаудың қажеті жоқ. Ұйқыға мән беру керек. Быылғы жыл диванда жататын жыл емес. Бұл – жыл қозғалыс жылы. Күш-қуаттың оянатын жылы. Есте болатын жайт, денсаулық – бұл бәсеке, спорт емес. Дұрыс жүйе құра білген ұтады.

емес. Керісінше көңіл-күйі өте жоғары. Негізі жыл басынан жақсылыққа жол салған дұрыс. Мереке күндері “тәртіпсіздікке” бой алдырғанменен одан кейін жақсы кинолар көріп, мезгілімен тамақтануды жолға қойғаны дұрыс. Бұл айда ер мен әйелдің еш айырмашылығы жоқ. Екеуі де өз жайлы өмірінен қызметті, жұмысты жоғары қоюға болмайды. Әйелдер жұмыстан гөрі отбасын жоғары қойса жөн. Бәріне үлгеремін деп жанығудың қажеті жоқ. Тұрмыстық техникаларды пайдаланған дұрыс. Су жағасында қыдырып, медитация жасағанның денсаулыққа пайдасы мол.



Арыстан. Бұл белгідегілер өздерін өмірдің қожайыны сезінеді. Әсіресе еркек Арыстандар. Быылғы жылдың жомарттылығы соншалықты, қызметте өсуге үміт бар. Алайда уақытымен демала білмесе, арқа менен жүрек ауырады. Қайсыбір ортада болмасын өз-өздерін патша көрсеткісі келетін әйел Арыстандар кейбір сәттерде бұл үміткермет бола бермейтінін мойындауы керек. Түніменен би билеп, суреттерде әдемі шығамын ба деп ұятшылдық қажеті жоқ. Мезгілімен ұйықтап, жақсылап таңғы ас ішкеннің денсаулыққа пайдасы мол. Жүгіріп бара жатып кофе ішкеннің зияны жоқ емес.

Бикеш. Бикештердің жұмысқа қабілеттілігі күш-қуатының деңгейіне байланысты. Еркек Бикештің де, әйел Бикештің де бойында үрей деңгейі жоғары. Бұл үрей Бикештерді іштей жеп, өздерін өздері кемсітуіне әкеледі. Мәселен ас қорыту жүйесінің бұзылуына ұрындырады. Іштің қабынуы, іш қату, немесе іш өту, ішектің өз жұмысын дұрыс атқармауы осы үрейдің салдары.



Еркек Бикештер зиянды әдеттерінен арылуы керек. Темекі шегуге, арақ ішуге деген құмарлығын қайта қарағаны дұрыс.

Әйел Бикештер таза ауада медитация жасап, қыдырып, йогамен айналысса денсаулыққа өте жақсы.

Таразы. Тепе-теңдік пен үйлесімділік белгісінде дүниеге келген Таразылар үшін бұл жыл әдеттегідей жай жыл емес. Оқиғаларға, өзгерістерге толы жыл. Әрине бұл қуат-күшке әсер етеді. Дене формасына да. Содан да болар жарақаттар, ауырсынулар жиі болады. Таразылар өз денсаулығына баса назар



Тауешкі. Буын және омыртқа сыр береді. Жарақат алатындай жағдайды байқағанда иық пен басты сақтаған дұрыс. Болмады дегенде техникалық қауіпсіздікті ұмытпау керек. Нақтылап айтқанда мотоциклмен жүретін болса міндетті түрде басына шлем, үстіне қорғаныш киімдерін киюі керек.

Жақсы жаңалық: жыл басынан бастап ағзаны нығайта білса, жарақаттардың әсерін әлсіретуге болады. Еркек Тауешкінің де, әйел Тауешкінің де бұған мүмкіндігі бар. Мықты иммунитет пен жақсы көңіл-күй науқандық аурулардан аман алып шығады.



аударғаны дұрыс, әсіресе арқасы мен омыртқасына. Жаз айында абай болған жөн. Барлығын күшке салғысы келеді. Өзіне көп алудың қажеті жоқ. Жүктемелерді басқалармен бөлісе білген жөн.

Жұлдыздар еркек Таразыларға жүзумен айналысуға кеңес береді. Бұның арқаның бұлшық еттеріне, омыртқадағы грыжа мен протрузияның алдын алуға пайдасы мол.



Сарышаян. Жыл бойы шыдамды болуға тура келеді. Көңіл-күйдің тез бұзылуы, соның әсерінен психосоматиканың бұзылуы жиі кездеседі. Ішектің, асқазанның, ұйқы безінің, жыныс мүшелерінің және дерет шығару жүйесінің жұмысына жауапты омыртқа, сонымен қатар ішек-қарын жағы сыр береді. Әсіресе шілде айы қиынырақ. Бұл кездері Сарышаяндар тамақтануға, мезгілімен ұйықтауға баса мән беруі керек. Тіпті ақпараттарды да азайтқаны жөн.

Еркек Сарышаяндар алдын-ала тексерулерден өтіп, денсаулық сыр берген жағдайда оны күшейтіп жібермей, бірден дәрігерге барғаны дұрыс. Жұмыс барысында дау-дамайдан алшақ болған дұрыс. Жағымсыз әсерлерді ішке сақтаудан аулақ болған жөн. Бұл белгіде туған

әйелдер осы жылы гинеколог пен эндокринологқа мезгілімен көрінсе, денсаулығы жақсы болады.



Мерген. Бұлар өміршең жандар. Батыл қадамдарға, ерлік істерге дайын тұрады. Сонымен қатар айналасындағыларды да жаңа белестерді бағындыруға ынталандырады. Жұлдыздар да құптап тұр. Жыл басынан қуат артады. Дегенмен осы қуаттың денсаулыққа кері әсері болуы мүмкін. Еркек Мергендер тәуекелге жиі барады, өзіне артық жүктемені көп алады. Бұл жарақаттануға, немесе созылмалы аурулардың сыр беруіне негіз болуы мүмкін.

Мергеннің ең осал жері – ас қорыту. Әйел Мергеннің аса белсенділігінің соңы иммунитетінің әлсіреп, тері ауруларының, аллергияның қозуына әкелуі мүмкін.



Тауешкі. Буын және омыртқа сыр береді. Жарақат алатындай жағдайды байқағанда иық пен басты сақтаған дұрыс. Болмады дегенде техникалық қауіпсіздікті ұмытпау керек. Нақтылап айтқанда мотоциклмен жүретін болса міндетті түрде басына шлем, үстіне қорғаныш киімдерін киюі керек.

Жақсы жаңалық: жыл басынан бастап ағзаны нығайта білса, жарақаттардың әсерін әлсіретуге болады. Еркек Тауешкінің де, әйел Тауешкінің де бұған мүмкіндігі бар. Мықты иммунитет пен жақсы көңіл-күй науқандық аурулардан аман алып шығады.

Тауешкілер ылғи да бұлшық еттерін шынықтырып, буын гимнастикасымен айналысқаны дұрыс. Сондай жағдайда мұзда құлағанның өзінде дене көгергенімен сынғаннан, немесе жарылып, созылғаннан аман қалады.



Сүқұйғыш. Бұл жылы Сүқұйғыштар сусыз өмір сүре алмайды. Ағза жақсы жұмыс істеуі үшін ылғи да жеткілікті көлемде су ішу керек. Кофе орнына шөп шай ішкен дұрыс. Тек кофеден ғана емес, барлық стимулятордан аулақ болған жөн. Сонда гармоналды қауіп төнбейді. Сүқұйғыштардың мықты ұысқа – сабырлылық. Кемінде 7-8 сағат ұйықтап, тыныс алу жаттығуларын жасаған жөн.

Спорт бағытында ер адамдар әдетте күштік жүктемелерге әуес болады, ал әйелдер кардиоға. Быылғы жылы екеуі де күштік жүктемені де, кардионы да біріктіріп, жаттыққаны дұрыс. Өйткені күштік жаттығулар гормондарда жақсартатын тестостерон шығарады, ал кардиожүктеме қалқанша безі жұмысын жақсартады.

Балықтар. Балықтар үшін бұл жыл салқыннан болатын жұқпалы аурулар жылы болатын тұр. Сәуір айында ақыл-ойға, миға көп жүктеме түседі. Есесіне денсаулық екінші планда қалады. Имунитетті алдын-ала нығайтқан дұрыс. Егер де жыл басында спортпен айналысуға, диетаға отыруға, немесе ұйқы режимін реттеуге ынта оянса, онда бұл өзгерістерді қолдау керек. Осылар арқылы имунитетті нығайтып,

ДӘРІГЕРГЕ ҚАЙ КЕЗДЕ БАРҒАН ДҰРЫС?

Астрологтардың айтуынша жоспарлы тексеруден өтуге және емдеу ісін бастауға сәуірдің екінші жартысы, мамыр айы толығымен, маусымның алғашқы жартысы, қыркүйек айы қолайлы. Өйткені осы кезеңдерде планеталар диагноздың дұрыс қойы-



луына және дәрігерлердің қателес-пеуіне кепілдік етеді. 17 ақпан, 3 наурыз, 12 және 28 тамыз, сондай-ақ 26 ақпан мен 20 наурыз, 29 маусым мен 23 шілде, 24 қазан мен 13 қараша күндері дәрігерге көрінуге, анализдер тапсыруға қолайсыз. Өйткені бұл күндері анализдерде қателіктер болуы, құжаттарда шатасулар болуы мүмкін. Ең дұрысы бұл күндері маңызды анализдерді тапсырмаған, емделуді бастамаған дұрыс. Сондай-ақ демалатын, әркім өз тәнін бақылайтын, жеңіл-желпі тазарту процесстерін жүргізетін, жоспар құратын уақыт. Бұдан бөлек қаңтардың 3-і, қарашаның 24-і, желтоқсанның 23-і де қолайсыз күндер. Өйткені ағзада сезімталдық күшейеді, әсіресе созылмалы аурулары бар жандарда.

ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ҚАНДАЙ СПОРТ ТҮРІМЕН АЙНАЛЫСҚАН ПАЙДАЛЫ?

2026-шы жыл – Марс жылы. Демек спорт пен белсенділік денсаулық үшін өте қажетті. Бұл жерде бақталастық пен жоғары көрсеткішке жетем дегеннен гөрі, дене шынықтыруды өз өмірінің бір бөлігіне айналдырғаны жөн. Әсіресе жүрек-қан және тыныс алу жүйесін күшейтетін тез жүру, скандинавтық жүру, жеңіл жүгіру өте пай-



далы. Сондай-ақ омыртқа үшін жүзу қолайлы. Дене мен ақыл-ойды байланыстыратын йога, пилатес, стретчинг аса қажет. Қозғалыс күшін белсендіретін би, зумба, теннис, үстел үсті ойындары да әдетке айналуы керек.

Сәуір айынан бастап мойын, иық және қолдың саулығына, сондай-ақ жүйкені сақтауға мән беру керек. Спорттың тыныс алу + қозғалыс түрі стресстен арылуға, адамның өзін сергек сезінуіне әсер етеді. Спортпен айналысқанда үш апта жаттығу жасап, бір апта демалған дұрыс. 35 жастан асқандар үшін бұның пайдасы көп. Ескеретін жайт, бұл жылы экстремалды жүктемелерден, сондай-ақ жақсы көрсеткіш үшін спортпен айналысудың қажеті жоқ. Дене күшін нығайту өмір салтына айналу керек. Ақылды қозғалыс – күш-қуаттың, шыдамдылықтың, психологиялық тұрақтылықтың кепілі.

ағзаның кез-келген сырқатқа төтеп беруіне болады.

Балықтардың әйелі де, еркегі де өте сезімтал. Содан да ай, күн тұтылуы кезінде басқа да сындарлы



сәттерде өте аурушаң болады. Көңіл-күйдің тез бұзылуы психосоматика әншейін салқын тию емес, өкпенің сырқатына да әкелуі мүмкін. Балықтарға көп толқып, сезімге, көңіл-күйге берілуге болмайды. Әрине ешнәрсеге мән бермей қатайып отыру мүмкін емес. Дегенменен аз шығынмен шығу үшін күш жинақтаған жөн.